



ЕКІЖАҚТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС НЫҒАЯ БЕРМЕК



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен кездесті.

Әуелі Қазақстан Президенті екіжақты қарым-қатынас қарқынды дамып келе жатқанын сөз етті.

— Жаңа жыл қарсаңында дәстүрге айналған Петербургтегі кездесуіміз мазмұнды өтті. Біз ЕАЭО қызметіне қатысты бірқатар мәселені қарастырып, шешімдер қабылдадық. ТМД форматы аясындағы ықпалдастықтың аса маңызды, өзекті мәселелері талқыланды. ТМД — беделді әрі заман талабына сай халықаралық ұйым. Биыл өзара ынтымақтастығымыз табысты болғаны сөзсіз. Екіжақты қарым-қатынас қарқынды дамып келеді. 12 қарашада Ресейге жасаған мемлекеттік сапарым өте нәтижелі өтті. Сол сапар барысында қонақжайлық танытқаныңыз үшін Сізге ризашылығымды білдіремін. Қазақстан Ресеймен стратегиялық серіктестік және одақтастық байланыстарға ерекше мән береді. Біз Қазақстан мен Ресей азаматтарының күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қатысты мәселелерде бірге әрекет етуіміз қажет. Ынтымақтастығымыз бен стратегиялық серіктестігімізді нығайтуға бағытталған ортақ жұмысымыз қос халықтың түпкі мүддесіне сай келеді, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Владимир Путин екі ел байланысы барлық салада алға ілгерілегенін жеткізді.

— Біз кешеден бері біраз жұмыс атқардық. Бүгінгі бейресми кездесу барысында ҰҚШҰ, ТМД аясындағы қызметімізді және екіжақты ынтымақтастық жағдайын талқыладық. Дегенмен Сізбен Қазақстан және Ресей арасындағы өзара байланыстардың басым бағыттарын дамыту үшін арнайы кездескеніме қуаныштымын. Менің ойымша, барлық сала оң қарқынмен алға ілгерілеп келеді. Екі ел арасында шешілмеген немесе түйткілді мәселе жоқ, — деді Ресей Президенті.

САУДА БАЙЛАНЫСЫ БЕКИ ТҮСЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Санкт-Петербург қаласында өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті отырысына қатысты.



Кездесуге Қазақстан Президентімен бірге Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Армения Республикасының Премьер-министрі Никол Пашинян, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Бақытжан Сағынтаев қатысты.

Кеңес отырысында Еуразиялық экономикалық одақ жұмысының келесі жылы атқаратын негізгі міндеттері мен бағыттары талқыланды.

Сонымен қатар жиынға қатысушылар ЕАЭО-ның қазіргі қызметіне байланысты бірқатар мәселе жөнінде пікір алмасты.

Бұдан соң Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғары Еуразиялық экономикалық

кеңестің (ЖЕЭК) кезекті отырысында сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы алдымен қонақжайлық танытып, іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Ресей Президенті Владимир Путинге ризашылығын білдірді. Сондай-ақ Жаңа жыл қарсаңында Петербургтегі дәстүрлі кездесу жылды қорытындылап, алдағы күнге жоспар құруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Президент биыл Еуразиялық экономикалық одақ үшін мерейлі жыл болғанын еске салды. Ұйым дамудың екінші онжылдығына батыл қадам басты. Осы кезең ішінде өзара сауда-саттық тұрақты түрде өсіп, ірі инфрақұрылым жобалары табысты жүзеге асты және өнеркәсіп кооперациясының аясы кеңейе түсті.

Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жылдардағы жаһандық дүрбелендерге кара-

мастан, ұйымға мүше мемлекеттердің экономикалық даму қарқыны бәсеңдемегеніне тоқталды.

— Биыл ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің жиынтық ІЖӨ көлемі 2 пайызға ұлғаймақ. Алдағы екі жылда ІЖӨ өсімі тұрақты болады деп болжанып отыр. Еуразиялық экономикалық одақ құрылғалы бері ұйым елдерінің бір-біріне салған тікелей инвестиция көлемі 20 миллиард доллардан асты. Қазақстанға келген инвестиция жеті еседей өсті (2015 жылы 600 миллион доллар, 2024 жылы — 4 миллиард доллар). Өнеркәсіп өнімі 29 пайыз артып, 1,5 триллион долларды құрады, — деді Мемлекет басшысы.

Президент ЕАЭО-ның экономикалық әлеуетін одан әрі нығайту қажет екеніне назар аударып, интеграциялық бірлестікті дамытудың басым бағыттарын айқындады.

— Әлем жаппай цифрлық трансформация мен жасанды интеллект дәуіріне қадам басты. Уақыт ағымынан қалмай, заманауи технологияларды ЕАЭО-ға мүше елдер экономикасының барлық саласына енгізу қажет деп санаймын. Жасанды интеллект технологиясын ЕАЭО қызметіне енгізе бастауды ұсынамыз. Атап айтқанда, мұндай жүйелерді сауда ағынын жоспарлауға және кедендік баж салығының ықпалын бағалауға қазірдің өзінде пайдалануға болады. Келесі жылы Қазақстан ұйымға төрағалығы аясында дәстүрлі Еуразия экономикалық форумын өткізеді. Осы жиында Экономикалық одақ кеңістігінде Жасанды интеллектті жауапкершілікпен пайдалану туралы бірлескен мәлімдеме қабылдауға болар еді, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Президенті Ли Чжэ Мёнді туған күнімен құттықтады.

Президент жеделхатта Корея Республикасы Қазақстанның Азиядағы сенімді серіктесі екенін атап өтіп, екі ел арасындағы зор әлеуетке ие ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ерекше мән беретінін жеткізген. Сонымен қатар Корея Президентімен бірге күш-жігер жұмылдыра отырып, кеңейтілген стратегиялық әріптестікті жана деңгейге көтеруге әзірлігін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ли Чжэ Мённің аса жауапты қызметіне толағай табыс, Корея халқына құт-береке тіледі.

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімовтің дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақындарына көңіл айтты.

— Асанәлі Әшімов бүкіл саналы ғұмырын театр және кино саласына арнап, төл мәдениетіміздің

көкжиегін кеңейтуге өлшеусіз үлес қосты. Ол көптеген образдарды шебер сомдап, көрермен қауымның ыстық ықыласына бөленді. Сахна санлағы әрі кәсіби киногер ретінде соңына өшпес із қалдырды. Жас өнерпаздарға бағыт-бағдар беріп, рухани сабақтастықтың сақталуына зор еңбек сіңірді. Өрелі өнердің туын биік ұстап, өнегелі ғұмыр кешкен Асанәлі Әшімовтің жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде сақталады, — деп жазылған жеделхатта.

ҚАЙТАРЫЛҒАН ЖЕРЛЕР ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ЖАРАДЫ



→ 7

ЖАНДЫ ДАУЫСҚА БЕТБҰРЫС



→ 8

ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕНІҢ ТАРИХИ ҚАДАМЫ



Цифрлық теңге – Қазақстанның ұлттық валютасының үшінші нысаны. Біріншісі – шытырлаған купюра түріндегі дәстүрлі ақша, фиат. Екіншісі – электронды, яғни қолма-қолсыз теңге. Үштікті тұйықтаған ЦТ бұлардан ерекшеленеді. Оны электронды ақшамен шатастыруға болмайды.

→ 4



АҚ ХАЛАТТЫЛАРҒА АЙРЫҚША МӘРТЕБЕ

Бірнеше ай бойы депутаттар заң жобасын пысықтап, бірқатар өзгеріс енгізген. Дәлірек айтқанда, қорқыту мен нақты күш қолданудың аражігін ажыратқан. Осылайша, Президенттің тапсырмасымен әзірленген маңызды құжатта 4 млн теңгеге дейін айыппұл, 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру және қоғамдық жұмыстар көзделген.

→ 5

САУДА БАЙЛАНЫСЫ БЕКИ ТҮСЕДІ

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, ЕАЭО әлемдегі маңызды көлік-логистика торабы бола алады.

— Бірлестік құрамындағы мемлекеттердің аумағы арқылы Батыс Қытай — Батыс Еуропа, Солтүстік — Оңтүстік, Транскаспий халықаралық көлік бағдары секілді негізгі дәліздер өтеді. Қазақстан шетелдік серіктестермен бірге (Ресей Федерациясында, Қытайда, Өзбайжанда және басқа да елдерде) халықаралық мультимодальды логистика орталықтары мен терминалдар желісін (Румыния мен Мажарстанда) дамытуды белсенді қолға алды. Серіктестерімізді сауда-саттықты жандандырып, жүк тасымалы шығынын азайту үшін ұйымға мүше өзге мемлекеттерді де осы іске атсалысуға шақырамыз, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Каспий жағалауындағы теңіз инфра-құрылымы арқылы ынтымақтастықтың тың мүмкіндіктеріне жол ашылатынын жеткізді. Президенттің айтуынша, Каспий теңізіндегі негізгі порттарда орналасқан заманауи контейнер хабтары ұдайы ұлғайып келе жатқан жүк тасымалына қызмет көрсете алады. Бұл ретте ол ұйымға мүше елдердің транзит әлеуетін нығайтуға серпін беретін Кеме қатынасы туралы келісімнің күшіне енуін жеделдетуге шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, әлемде сұранысқа ие, қосылған құны жоғары өнім шығаруға бағдарланған жана өндіріс орындарын дамытуға баса мән берген жөн.

— Еуразия даму банкі сарапшыларының есебіне сәйкес, ЕАЭО елдерінің өнеркәсіп тауарларын шығару және экспорттау бойынша қосымша мүмкіндігі 67 миллиард долларға бағаланады. Осы әлеуетімізді толық пайдалансақ, түпкі нәтижесі 500 миллиард долларға жетуі ықтимал. Аталған мақсатқа жету үшін өнеркәсіп кооперациясын күшейту қажет. Бұл орайда серпінді



инновациялық жобаларға инвестиция құйған жөн, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы өзара сауда-саттықтағы әкімшілік кедергілерді толықтай жоғатын уақыт келгенін мәлімдеді.

— Азаматтардың еркін қозғалуына мүмкіндік бермейтін қолдан жасалған шектеулерді алып тастап, шекарадағы жүк көліктерінің ұзын сонар кезегін жою қажет. Кедендік реттеу және (көлік, санитарлық, ветеринарлық, фитосанитарлық) мемлекеттік қадағалау шаралары ұйым ішіндегі кейбір шешімдерді өткізу құралы ретінде қолданылмауға тиіс. ЕАЭО құрылғалы бері кедергісіз сауда ортасын қалыптастыруға бағытталған біршама құжат қабылданды.

Енді осы ортақ міндеттерді мүлтіксіз сақтап, өзара алыс-беріс пен барыс-келіске «тұсау болатын түйткілдерді» уақытылы шешіп отыру керек. Комиссия кедергілерді шұғыл анықтау үшін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамалық бастамаларына мониторинг жүргізетін жасанды интеллект технологиясын қосу мүмкіндігін қарастырғаны жөн. Кедергісіз нарық пен тауарлардың еркін қозғалысын қамтамасыз ету басты міндет болуға тиіс. Азаматтар мен бизнес интеграцияның нақты пайдасын көруі керек, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық ынтымақтастық аясын кеңейтуді белсенді қолға алған дұрыс деп санайды.

— Биыл Моңғолиямен Еркін сауда аймағы туралы келісімге, Біріккен Араб Әмірліктерімен Экономикалық серіктестік туралы келісімге қол қойылды. Бүгін Индонезиямен осындай мәміле жасалады. Біз мұны құптаймыз. Бұл — бірлескен жұмыстың елеулі нәтижесі. Әрі өзге елдердің Еуразиялық экономикалық одақпен сауда байланыстарын тереңдетуге қызығушылығы артып келе жатқанын көрсетеді. Тауа келешекте ЕАЭО-ның Жаһандық Оңтүстік, Араб елдерімен, Оңтүстік-Шығыс Азия және Африка мемлекеттерімен ықпалдастығын кеңейту маңызды деп санаймыз. Сонымен қатар ШЫҰ, АСЕАН секілді басқа да маңызды ұйымдармен ынтымақтастыққа айрықша көңіл бөлу керек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, мемлекеттер алдында салмақты шешім мен үйлесімді әрекетті талап ететін күрделі міндеттер тұрғанына назар аударды.

Президент келесі жылы Еуразиялық экономикалық одақ органдарына төрағалық ету миссиясы Қазақстан Республикасына өтетінін еске салды. Мемлекет басшысы еліміз жана табысқа қол жеткізіп, бірлестік елдерінің игілігін еселеу үшін нәтижелі жұмыс жүргізуге ниетті екенін жеткізді. Президент Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің келесі отырысы 28-29 мамырда Астанада өтетінін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұйым төрағасы міндетін табысты атқарғаны үшін Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенкоға алғыс айтты.

Жиын қорытындысы бойынша бірқатар құжат қабылданды.

Сапар аясында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД-ның бейресми саммитіне қатысу үшін Санкт-Петербургке келген өзге де мемлекеттер басшыларымен бірге Эрмитажды аралап көрді.

Мәртебелі меймандарға музейде экскурсия жүргізілді. Президенттер Александр және XVIII ғасырдағы Франция өнері залдарында орналасқан танымал көрмелерді тамашалады. Әсіресе, «Алтын көмбе» бірегей коллекциясындағы бағалы металдардан құйылған археологиялық жәдігерлер, тарихи Пикет және Герб залдарының интерьері ерекше қызығушылық тудырды. Меймандар бай қоры арқылы дүниежүзіне мәшһүр музейдің басқа да экспозицияларымен танысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД-ға мүше мемлекеттер басшыларының бейресми кездесуіне қатысты. ТМД басшылары өзара ынтымақтастықтың негізгі даму бағдары мен қадамдарын талқылады. Сондай-ақ ұйым аясындағы ықпалдастықтың өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

СЕНАТ ЦИФРЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС КОДЕКСТЕРІН ҚАРАЙДЫ



Кеше Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 25 желтоқсан күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін белгілеп, алдағы маңызды міндеттерді талқылады.

Іс-шарада Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында Қазақстанды жаппай цифрлық елге айналдыру жөнінде нақты міндеттер жүктегенін атап өтті. Көздеген мақсатқа қол жеткізу үшін барлық деңгейдегі депутаттар мүдделі тараптармен, оның ішінде сарапшылар қауымдастығымен бірлесіп бірқатар заң әзірледі. Олардың қатарында — Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, көлік және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар бар. Бюро мүшелері аталған заңдарды палатаның алдағы отырысында қарау жөнінде шешім қабылдады. Бұл құжаттар цифрлық саланы құқықтық реттеудің бірыңғай және ашық жүйесін құруға бағытталған. Кодекс деректер мен цифрлық объектілерді басқарудың құқықтық негізін қалыптастырады. Сондай-ақ Қазақстанның цифрлық кеңістігін қорғауды арттырып, елдің технологиялық тәуелсіздігін нығайта түседі.

Сенат отырысының күн тәртібіне шығарылған келесі мәселе — Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексі және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәулет, қала құрылысы және құрылыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң. Бұл заңнамалық нормалар қала құрылысына байланысты шешімдерді талқылау кезінде жұртшылықтың барынша көп қатысуын, қоғамдық және жеке мүдделерді қозғайтын жобалар бойынша ұсыныстар беру мүмкіндігін, сондай-ақ бұзушылықтарға жедел көңіл бөлуді қамтамасыз етуді көздейді.

Сонымен қатар сенаторлар алдағы бейсенбіде «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, байланыс және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды қарайды. Бюро отырысында аталып өткендей, банктер туралы жаңа заң банк жүйесінің қаржылық тұрақтылығын арттыруға және ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкес келтіруге ықпал етеді. Қаржы секторында бәсекелестікті дамыту және инновацияларды ынталандыру жөніндегі шаралар да ескерілгенін айта кеткен жөн.

Сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі БҰҰ (ЮНЕСКО) арасындағы Қазақстанда ЮНЕСКО аясындағы 2-санатты орталық ретінде Орталық Азия өңірлік гляциология орталығының мәртебесін қайта жалғастыру туралы келісімді ратификациялау туралы» және «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және ҚР Қылмыстық-процестік кодексіне толықтырулар енгізу туралы» заңдар Сенат отырысының күн тәртібіне шығарылды.

Бюро отырысында депутаттар Мәжіліс қабылдаған заңдарды жұмыс үшін палатаның тұрақты комитеттеріне бөліп берді және осы аптаға арналған іс-шаралар жоспарын пысықтады. Бұл аптада сенаторлар дәрілік қауіпсіздікті, дәрі-дәрмектердің қолжетімділігін, сапасын, импортты алмастыруды қамтамасыз етуге, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласына отандық және шетелдік инвестицияларды тартуға қатысты мәселелер мен басқа да маңызды түйткілдерге тоқталады.

ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖЕМІСТІ КЕЗЕҢ

Астанада Ұлттық құрылтай секцияларының отырысы өтті. Жиында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин жылдың негізгі қорытындыларына тоқталды. Ол экономика тұрақты өсім көрсеткенін, жаңа кәсіпорындар іске қосылып, тұрақты жұмыс орындары құрылғанын, әлеуметтік нысандар құрылысы қарқын алып, көлік инфрақұрылымын жаңғырту ісі жалғасып жатқанын атап өтті.



Сондай-ақ Мемлекеттік кеңесші Президент бастамашылық еткен парламенттік реформа «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» мемлекеттік құрылыстың базалық формуласы аясындағы ауқымды саяси жаңғырудың логикалық жалғасы екенін айтты.

«Ұсынылып отырған реформа заң шығарушы билікті қайта жаңғыртуға әрі оның тиімділігін арттыруға бағытталған. Бұл ретте саяси бастама Парламент қызметін өзгертумен ғана шектелмейді, елдің конституциялық құрылымының іргелі негіздерін де қамтиды. Негізгі заңның кемінде 40 бабына өзгерістер енгізіледі деп күтіліп отыр. Аталған реформа 2022 жылғы конституциялық өзгерістермен кешенді түрде бірге жүзеге асырылады және мүлде жаңа саяси модельге көшуге жол ашады», — деді Мемлекеттік кеңесші.

Ерлан Қарин Мемлекет басшысының тапсырмалары мен Бурабайда өткен IV отырыста Ұлттық құрылтай мүшелері тарапынан айтылған бастамаларға тоқталды.

Оларды жүйелі түрде іске асыру үшін 53 тармақтан тұратын арнайы жоспар қабылданды. Онда түрлі бағыт бойынша 10 заң жобасын әзірлеу көзделген.

Ұлттық құрылтай бастамалары аясында бірқатар маңызды тұжырымдамалық құжат әзірленді. Мәселен, ішкі саясаттың негізгі қағидаттары мен бағыттарын айқындайтын тұжырымдамалық құжат дайындалды. 2026-2028 жылдарға арналған Наша-қорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспар бекітілді. 2025-2030 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының өңірлік даму тұжырымдамасы қабылданды.

«100 кітап» жалпыұлттық сауалнамасы, «Асыл мұра» аудио жинағы секілді маңызды мәдени-гу-

манитарлық жобалар жүзеге асырылды. Сондай-ақ «Хандар шежіресі» қолжазбасы ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» халықаралық тізіліміне енгізілді.

Мемлекеттік кеңесші Ұлттық құрылтай бастамаларын іске асыру жұмысы жалғасып жатқанын атап өтті. Дәлірек айтқанда, балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған шаралардың барлығын біріктіретін «Қазақстан балалары» біртұтас бағдарламасы әзірленуде, ғылыми қалашықтар құру, үкіметтік емес ұйымдардың қызметін реттеу, ерекше қажеттіліктері бар балаларды кешенді қолдау және басқа да бағыттар бойынша заңнамалық нормалар дайындалуда.

Бастамалар мен ұсыныстарды іске асыру мәселелері Ұлттық құрылтайдың «Азаматтық қоғам», «Әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму», «Білім және ғылым» атты жұмыс секцияларында талқыланды.

Секцияларға Президент көмекшісі Арман Кырыкбаев, Премьер-министрдің орынбасары — Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова модераторлық етті.

Секциялар аясында Ұлттық құрылтай мүшелері Президент бастамаларының жүзеге асырылуын көрді, жекелеген бағыттарға қатысты ұсыныстарымен бөлісті.

Ұлттық құрылтай мүшелері тарапынан айтылған ұсыныстар Хатшылықта жинақталып, Ұлттық құрылтайдың келесі отырысында қарастыру үшін мүдделі мемлекеттік органдармен талқыланып болады.

Ұлттық құрылтайдың V отырысын келесі жылы Қызылорда қаласында өткізу жоспарланып отыр.

БАҒДАР

23 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕЙСЕНБІ



Әлеуметтік әріптестікті дамыту, азаматтардың еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау, еңбек саласындағы сындарлы диалогты нығайту – бұл нормалар бүгін «AMANAT» партиясы мен Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы арасында қол қойылған ынтымақтастық туралы меморандумда бекітілген негізгі қағидаттар. Құжат ұжымдық-шарттық қатынастарды дамыту, қызметкерлерге құқықтық қолдау көрсету, еңбек және әлеуметтік заңнамаларын жетілдіру бағыттарында ұзақмерзімді өзара іс-қимыл қағидаларын айқындайды.

Қол қою рәсіміне «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек және Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин қатысты. Іс-шара барысында «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек жұмысшы мамандықтарын қолдау – партияның негізгі басымдықтарының бірі екенін, оның практикалық қызметте де, заң шығару жұмысында да көрініс табатынын атап өтті.

«Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысының бастамасымен биылғы жыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Бұл ел дамуы жолындағы еңбек адамының стратегиялық рөлін, жұмысшы мамандықтарының беделін арттырудағы маңызын, сондай-ақ қауіпсіз және лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету қажеттілігін айқындайды. Бүгінгі меморандум тараптардың сындарлы диалогқа негізделген жүйелі әрі кәсіби бірлескен практикалық жұмысқа лайын

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ
МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

екенін және осы бағыттағы ортақ түсінігін көрсетеді», — деді ол. Ол еңбек адамына қолдау көрсету және әлеуметтік әріптестіктің орнықты тетіктерін дамыту «AMANAT» партиясының Саяси тұғырнамасында және 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасында бекітілгенін еске салды. «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында партия еңбек ұжымдарымен кездесулер өткізіліп, бос жұмыс орындары жәрменкелері, жұмысшы жастар форумдары және басқа да көптеген іс-шара ұйымдастырылған. Сонымен қатар биыл Үкіметпен бірлесіп, жұмысшы жастардың әлеуметтік мәселелерін шешуге және олардың кадрлық әлеуетін дамытуға

бағытталған «Жұмысшы жастар аманаты» атты ауқымды жобасы іске қосылды. Атқарушы хатшы Кәсіподақтар федерациясы еңбек ұжымдарының мүддесін қорғай отырып, азаматтардың әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқығын қамтамасыз ететін әлеуметтік әріптестік жүйесінің жетекші институты ретіндегі шешуші рөлін атап өтті. Өз кезегінде Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин бұл меморандум сенім, лайықты еңбек және әлеуметтік әділеттілік сияқты ортақ құндылықтарға негізделіп отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, «AMANAT» партиясымен ынтымақтастық бүгінде нақты нәтиже беріп, еңбек адамының

құқығын қорғау мәселесінде партиялық және кәсіподақтық күн тәртібінің үйлесінін көрсетіп отыр. «AMANAT» партиясы әрдайым халықпен бірге, халық үшін еңбек етіп келеді. Бүгінгі ынтымақтастық үш қағидатқа негізделеді: сенім, лайықты еңбек және әлеуметтік әділеттілік. Лайықты еңбек – сенімнен басталады және ашық диалог, ұжымдық шарттар, салалық және өңірлік келісімдер, кеңестер мен цифрлық бақылау құралдары арқылы жүзеге асады. Жалпы, еңбек лайықты бағалануға тиіс және бұл сөзбен емес, нақты істерден көрініс табуы қажет: еңбекақының лайықты деңгейі, қауіпсіз еңбек жағдайы, адам құқығының қорғалуы және мүмкіндігінің кеңейтілуі. «AMANAT» партиясымен меморандумға қол қою – сенім нығайтастыруға, әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға және еңбек адамының игілігі жолында бірлесіп жұмыс істеуге бағытталған», — деп атап өтті Сатыбалды Дәулеталин. Сондай-ақ ол бүгінде барлық деңгейдегі мәслихатта кәсіподақтық платформа бойынша 247 депутат еңбек адамдарының мүддесін қорғап отырғанын, олардың 93 пайызы «AMANAT» партиясының мүшелері екенін айтты. Федерация төрағасының пікірінше, бұл партияның халықпен бірге екенін айқын дәлелдейді. Тараптар қол жеткізілген келісімдер әлеуметтік әріптестікті нығайтуға және еңбек адамдарының мүддесін қорғауға ықпал ететініне сенім білдірді.



САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН
ЖЕТІЛДІРУ ҚАЖЕТ

Қолданыстағы міндетті автосақтандыру жүйесінде адам қайтыс болса, оның отбасы ресми түрде «заң бойынша» көк тиын алмайтын жағдайлар бар. «AMANAT» партиясының фракциясы бұл тәсілге қарсы және адам өлімі мен денсаулығына зиян келтіру кезінде сақтандыру төлемдерін ұлғайтуды ұсынды.



Парламент Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінде көлік құралдары иелері мен тасымалдаушыларының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс заң жобасы бойынша жұмыс басталды. «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері адам өлімі және денсаулығына зиян келтіру кезінде сақтандыру төлемдерін ұлғайтуды ұсынып қана қоймай, тасымалдаушыларды ресми сақтандырудан бастап қоғамдық көлікте жолаушыларды қорғаудың нақты болмауына дейінгі саланың терең проблемаларын ашты. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нартай Сәрсенғалиев сақтандыру төлемдерінің қолданыстағы мөлшері ұзақ уақыт бойы нақты өмірлік жағдайларға сәйкес келмейтінін мәлімдеді. Бүгінде жол-көлік оқиғасында адам қаза тапқан кезде сақтандыру компаниясы 2 мың АЕК — шамамен 7 млн теңге төлейді. Депутаттар бұл соманы екі есеге арттыруды ұсынады. Осындай тәсіл мүгедектік кезіндегі төлемдер бөлігінде де ұсынылады: бірінші топ үшін — 1600-ден 3200 АЕК-ке дейін, екіншісі үшін — 1200-ден 2400 АЕК-ке дейін, үшіншісі үшін — 500-ден 1000 АЕК-ке дейін. Сонымен қатар бүлігінген автокөлік үшін максималды төлемді 600-ден 1200 АЕК-ке дейін арттыру ұсынылады, өйткені бөлшектер мен жөндеудің қазіргі бағасымен сақтандыру өтемі көбінесе нақты залалды өтемейді, бұл адамдарды өз қалтасынан қосымша төлеуге немесе несие алуға мәжбүр етеді. Одан әрі Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев заңдық тұрғыдан дұрыс, бірақ әлеуметтік әділетсіз болып көрінетін жағдайларға тоқталды. «Міне, қарапайым өмірлік жағдай. Отбасы — күйеуі мен әйелі, балалары жок. Олар 15-20 жыл бірге өмір сүрді. Апат өлімімен аяқталады, әйелі күйеуінің қалады. Егер ол еңбекке қабілетті болса, онда ол күйеуінің қайтыс болғаны үшін сақтандыру төлемін алмайды. Яғни, адам қайтыс болды, бірақ міндетті сақтандыру жүйесі үшін ештеңе болмаған сияқты. Біз еңбекке қабілеттілік туралы емес, екінші тараптың кінәсінен адамның қайтыс болу фактісі туралы айтып отырмыз. Адам сыйлықақы төледі, ал оның отбасы ештеңенен қалмауы мүмкін. Бұл қоғам үшін абсурдқа ұқсайды», — деді ол.

Депутат жанадан бастаған жүргізушілер үшін полистер құнының резонанстық өсуін еске салып, тарифтік шешімдер мәселесіне жеке тоқталды. «Жақында ғана құқық алған жүргізушілер үшін саясаттың құны үш есе өсті. Астанада 110-120 мың теңгеге дейін жетті. Бұл шешім қоғаммен талқылаусыз және парламентшілермен диалогсыз қабылданды. Егер осы жылдың мамыр айында айтылған депутаттық сауал болмаса, бұл сомалар осылай қалар еді, бірақ қазір олар біршама төмендеді. Енді біз адамдарға төлемдерді арттыру туралы айтатын болсақ, тоуекелдер мен нарықтың тұрақтылығы туралы дәлелдер бірден естіледі», — деді ол. Бұған жауап ретінде Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Мария Хаджиева қолданыстағы заңнамада қайтыс болған жағдайда тек қайтыс болған адамның асырауындағы адамдардың пайдасына сақтандыру төлемдері көзделетінін, ал еңбекке қабілетті отбасы мүшелері осы санатқа жатпайтынын растады. Ол сондай-ақ тиісті тарифтік және актуарлық байланыстырусыз төлем лимиттерін арттыру мүмкін емес екенін атап өтті, өйткені соңғы жылдары автосақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің көлемі сақтандыру сыйлықақыларына қарағанда едәуір тез өсті, бұл нарықтың тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері қаза тапқандардың туыстарына сақтандыру төлемдерінің қолданыстағы тәртібін өзгертуді ұсынады. Егер бүгінгі күні көмекте болмаған балалар болмаған жағдайда өтемақы көбінесе мүлдем төленбесе, онда жаңа заң жобасында адам қайтыс болған жағдайда сақтандыру төлемдерін оның жақын туыстары — жұбайы немесе атанасы — асырауындағы адамдардың болуына қарамастан алуы керек деген норманы бекіту ұсынылады. Бастамашылардың пікірінше, бұл құқықтық олқылықты жоюға және міндетті автосақтандыру жүйесіне оның әлеуметтік мағынасын қайтаруға мүмкіндік береді. Бұл ретте қазіргі уақытта тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы жауапкершілігін сақтандыру негізінен формальды сипатқа ие және адамдарды нақты қорғауды қамтамасыз етпейді деп

санайды Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Болатбек Нәжіметдинұлы. «Елде жұмыс істейтін 100% автобустардың 99%-ы техникалық талаптарға сәйкес келмейді. Жүргізушілердің еңбек және демалыс режимі сақталмайды, тахографтар жоқ, көлік 2-3 миллион шақырым жүріспен пайдаланылады. Бұл ретте тасымалдаушылар ресми түрде сақтандырылған, бірақ ЖКО басталған кезде сақтандыру компаниялары төлемдерден бас тартуға негіз табады», — деді ол. Оның айтуынша, жолаушылар тасымалы талаптарына ресми түрде жатпайтын, бірақ күнделікті адамдарды, соның ішінде қалааралық маршруттарда тасымалдайтын тұрақты емес тасымалдар мен шағын автобустар сегменті ерекше алаңдаушылық туғызады. Отырыста сақтандыру нарығының жүйелі жағдайына ерекше назар аударылды. Көрсеткіштердің ресми өсуімен Қазақстанда сақтандыру әлі күнге дейін толыққанды экономикалық институтқа айналған жоқ, деп атап өтті Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Берік Бейсенғалиев. «Бізге сақтандыру сыйлықақылары ЖІӨ-нің шамамен 0,8%-ын құрайды, ал ЕЫДҰ елдерінде — 6 %-дан астам. Бұл ретте сыйлықақылардың 75%-ы қайта сақтандыру арқылы шетелге кетеді. Шын мәнінде, біз шетелдік нарықтарды тамақтандырып отырмыз, ал өзіміздің сақтандыру жүйеміз әлсіз күйінде қалып отыр», — деп атап өтті ол. Көрнекі мысал ретінде депутат өткен жылы су тасқынын еске салды, онда сақтандыру өтемінің болмауына байланысты мемлекет 60 млрд теңгеден астам бюджет қаражатын жұмсауға мәжбүр болып, ал бизнеске қосымша 200 млрд теңгеден астам қаражат жинауға тура келді, бұл жиынтығында сақтандыру жүйесінен тыс 260 млрд теңгені құрады. Берік Бейсенғалиевтің пікірінше, нарықты дамыту ынталандырусыз мүмкін емес және ол азаматтар үшін жеке табыс салығы бойынша және бизнес үшін корпоративтік табыс салығы бойынша, оның ішінде қызметкерлер мен мүлікті сақтандыру кезінде салық шегерімдерін енгізуді қарастыруды ұсынды, бұл ерікті сақтандыруды кеңейтуге және төтенше жағдайлар кезінде бюджетке түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Отырыста сақтандыру нарығының ұстанымын Қазақстан сақтандырушылар қауымдастығының төрағасы Виталий Веревкин және Nomad Insurance сақтандыру компаниясының басқарма төрағасы Дәурен Иманжанов баяндады. Олар төлем лимиттерінің көтерілуіне қарсы емес екендіктерін, бірақ кешенді тәсілді талап ететіндіктерін мәлімдеді. Отырысты қорытындылай келе, Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Татьяна Савельева заң жобасын тұтастай Үкімет қолдағанын, алайда егжей-тегжейлі пысықтауды талап ететінін атап өтті. Ол жұмыс тобы азаматтарды қорғауды және сақтандыру нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қосымша есептеулер жүргізіп, төлемдерді кезең-кезеңімен арттыру нұсқаларын қарастыру керек екенін атап өтті. Талқылауға мемлекеттік органдардың, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Қаржыгерлер қауымдастығының және Қазақстанның сақтандырушылар қауымдастығының өкілдері қатысты.

АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕР
ЖАНДАНАДЫ

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында ауыл экономикасын дамыту, ауыл тұрғындарының табыстарын арттыру және тұрмысын жақсарту мәселесіне айрықша мән беріледі. Осы орайда Батыс Қазақстан облысында аймақ басшысы Нариман Төреғалиевтің бастамасымен және облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы фракциясы мүшелерінің қолдауымен «Қаладан – ауылға» пилоттық жобасы қолға алынды.



Бұл жоба Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылуда. Мұндағы мақсат — ауылдық жерлердің әлеуметтік және экономикалық әлеуетін арттыру, инфрақұрылымды дамыту және азаматтарды ауылға көшуге ынталандыру. Сондай-ақ аудандарда көші-қон ағынын азайту, ауылдық жерлерде жұмыс күші тапшылығын жою және агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуын қамтамасыз ету мәселесіне де баса назар аударылды. Бұған қоса, шағын және орта бизнес субъектілерінің санын арттыру, тұрақты жұмысы жоқ қала тұрғындары мен жас отбасылардың әлеуметтік мәселелерін шешуге қолдау көрсету мәселелері де назардан тыс қалған жоқ. Осылайша, жоба басталғаннан бері ауылдарға барлығы 203 отбасы, яғни 997 адам, оның ішінде 623 бала көшіп келді. Өз кезегінде, «AMANAT» партиясы жобаның жүйелі жүзеге асуына жан-жақты үлес қосуда. Атап айтқанда, партия қызметкерлері жанадан көшіп келген азаматтарға қолдау көрсетіп келеді. Мәселен, мал шаруашылығын қолға алуға мүмкіндік жасалып, мал басы беріледі. Жұмыссыз жүрген жандардың жұмысқа орналасуына қолдау көрсетіп, әлеуметтік мәселелерді шешу ісіне де атсалысуда. Ел азаматтарына аталған жоба туралы жан-жақты мәлімет беріп, қоғамдық қабылдауға келген әлеуметтік жағдайы осал жандарға осы жоба жөнінде егжей-тегжей мәлімет ұсынады. Өз кезегінде, «AMANAT» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының атқарушы хатшысы Азамат Сафималиев «Қаладан – ауылға» пилоттық жобасының мәні мен маңызына тоқталды. «2024 жылдан бері өңірімізде «Қаладан – ауылға» жобасы жүзеге асырылып келеді. Бұл жоба — аса маңызды. Себебі білім ошақтары жабылып қалу қаупі бар ауылдардағы бала санын арттыруға, тұрақты тұрғын үйі жоқ азаматтарға баспана берілуіне, сондай-ақ ауылдық елді мекендердің жандануына жол ашатын үлкен мүмкіндік пайда болды. Тын бастама арқылы жас отбасылардың жана өмір бастауына, өз ісін жолға қоюына және ауыл шаруашылығына немесе әлеуметтік салаларға үлес қосуына жағдай жасалды. Бүгінде Батыс Қазақстан облысына қарасты ауылдардың басым көпшілігінде осы жоба арқылы тұрақты даму үрдісі қалыптасып келеді. Ауылдарға жана мамандар келіп, мектептердің, балабақшалардың, медициналық пункттердің жұмысы жандана түсті. Сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерліктің көкжиегі кенеюде. Ең бастысы — ауылдық жерлерде тұрғындар саны артып, бұрын құлдырай бастаған елді мекендер қайта жандануда», — деді ол. Бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табады.

Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

ҚОҒАМ

23 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

■ Цифрлық теңгенің енгізілуін Тәуелсіздіктің бір белесі ретінде қарастыруға болады. Бұл ретте Қазақстан ТМД аймағында цифрлық ұлттық валютасын енгізген алғашқы ел болып отыр. Жуырда оның қолданыс аясы жаңа салаға тарады: еліміздің бүкіл тарихында тұңғыш рет цифрлық теңгеде кредит берілді. Бұл салаға қатысты құжат Мәжілістің қарауына түсіп, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері цифрлық теңгенің ұлттық валюта ретіндегі мәртебесін заңмен бекітуге бірталай күш салды.

Айхан ШӘРІП

ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕНІҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАРЫ

Цифрлық теңгені (ЦТ) енгізуге мемлекет төрт жыл бұрын кірісті. 2021 жылы Қазақстанның Ұлттық банкі нарық өкілдерінің, сарапшылар мен халықаралық серіктестердің қатысуымен «Цифрлық теңге» пилоттық жобасын іске қосты. Сөйтіп, Мемлекет басшысы қойған міндетке сәйкес, ЦТ — Қазақстан экономикасын қарқынды цифрландырудың қисынды жалғасына айналды.

2022 жылы Digital Tenge Hub бірлескен платформасы іске қосылды, ол қызығушылық танытқан барлық тарапты біріктірді. Платформада қарым-қатынас жасап, тәжірибе алмасуға және цифрлық теңгені енгізудің қыр-сырын бірлесіп зерделеуге жағдай жасалыпты. Жыл соңында тестілеу өткізіліп, оған қаржы нарығының нақты ойыншылары — сатып алушылар мен жеткізушілер қатысты. Тест қорытындысы цифрлық ұлттық валютаны қолдану — ақша саясатына және елдің қаржы саласындағы тұрақтылығына кәуіп төңдірмейтінін көрсетті.

2023 жылы жоба жалғасты: Алматының бірнеше мектебінде оқушылардың тамақтану ақисын төлеу жүйесінде пайдаланылған «цифрлық ваучер» енгізілді. Банктер халықаралық төлем жүйелерінің көмегімен цифрлық шотқа тіркелген карточка шығарды.

Түсіндіре кетер жайт, цифрлық теңге — Қазақстанның ұлттық валютасының үшінші нысаны. Біріншісі — шытырлаған купюра түріндегі дәстүрлі ақша, фиат. Екіншісі — электронды, яғни қолма-қолсыз теңге. Үштікті түйықтаған ЦТ бұлардан ерекшеленеді. Оны электронды ақшамен шатастыруға болмайды. Біріншіден, ЦТ криптовалюта сияқты токендерден, яғни әріптердің және цифрлардың жиынтығынан тұрады.

Екіншіден, бұлардан ерекшелігі сол, әдеттегі қолма-қол ақша сияқты ЦТ-ның токендері әртүрлі номиналға ие: 1, 2, 5, 10, 20, 50, 100, 200, 500 және басқа теңгелер. Үшіншіден, цифрлық теңгемен төлем жүргізу үшін интернет қажет емес. Ал ғаламторға қосылмасаңыз, электронды ақшамен есеп айырыса алмайсыз. Цифрлық теңгенің бірегейлігі сол, ол қолма-қол мен қолма-қолсыз есеп айырысудың барлық дерлік артықшылығын бір бойында біріктіреді.

Кереметі ме, кемшілігі ме, әркім өзі бағалар, бірақ ұлттық валютамыздың барлық формасынан даралайтын цифрлық теңгенің тағы бір қасиеті бар: оны бағдарламалауға, яғни нақты бір бағытқа ғана нысаналы түрде арнауға болады. Мысалы, ата-ана баласының ЦТ-ны нақты бір мақсаттарға ғана пайдалана алатындай етіп белгілей алады. Айталық, ата-ана перзентінің денсаулыққа зиянды тауарларды —



ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕНІҢ ТАРИХИ ҚАДАМАЫ



тәтті газдалған сусындарды, энергетиктерді, кәмпиттерді, басқасын сатып алмауын қалайды. Ол үшін ата-ана токенді тек мектеп асханасында немесе нақты бір тауарды сатып алғанда есеп айырыса алатындай етіп бағдарламалай алады.

Осы заманауи технологияны ендіруге Казак елі әлемдегі тәуелсіз мемлекеттердің басым көпшілігін басып озды. Euronews телеарнасының хабарлауынша, «цифрлық еуро» енгізу тек 2027 жылдың ортасында басталады: оның өзінде Еуропарламент депутаттары қолдап дауыс берсе. Бұған дейін еуропарламент қарсыласып келген. ЕО Орталық банкі нормативтік-құқықтық база уақытына дайын болса ғана 2027 жылы цифрлық еуроның пилоттық кезеңін бастай алатынын мәлімдеді.

ТМД көшбасшысы Ресейдің Орталық банкі цифрлық рубльді енгізуді 2026 жылға ысырды. Бастапқыда ЦР зейнетақы, жәрдемақы, бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы сияқты федералдық төлемдерді төлеуге пайдаланылмақ. Сынақ табысты өтсе, 2026 жылдың 1 қыркүйегінен барлық банк пен клиенттері, сондай-ақ табысы 120 миллион рубльден асатын ірі бизнес цифрлық рубльді қабылдап, төлеуді қамтамасыз етуге міндеттеледі. Нәтиже шықпаса, ЦР-ды енгізу мерзімі тағы шегеріледі.

Бұл тұрғыда Қазақстан жылдамдығына көз ілеспес жүйріктік ілгері жүйткіп барады. Парламент оның заңнамалық тұғырын түзіп жатыр. Мәжіліс «Банктер және банк қызметі туралы» және «Кейбір заңнамалық актілерге қаржы нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңын қабылдады. Ол келесі жылы толыққанды күшіне енуге тиіс.

Құжаттағы түзетулердің жеке, едәуір блогы ұлттық валютаның жаңа нысаны ретінде цифрлық теңгені енгізуге, ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған. Ұлттық банктің мәлімдеуінше, бұл — қаржы жүйесінде криптовалюталарды, басқа да цифрлық активтерді кең пайдалануға жол ашу туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына толығымен сәйкес келеді.

Аталған заңмен цифрлық теңге, ашық банкинг жүйесі, мобильді төлемдер мен төлем карточкалары жүйесі, ұлттық төлем жүйесі, сәйкестендіру деректерін алмасу орталығының қызметі реттеледі. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Павел Казанцевтің айтуынша, жаңа заңда ЦТ-ның ұлттық валютаның жаңа нысаны ретіндегі мәртебесі заң жүзінде бекітіледі. Цифрлық теңгенің айналымы және оны пайдалану тәртібін Ұлттық банк айқындайды.

— Осы арқылы ЦТ толыққанды әрі тұрақты түрде енгізіледі. Ұлттық валю-

таның жаңа цифрлық формасы оның өзге нысандарын жоймайды, қолма-қол және қолма-қолсыз ақшалармен қатар деңгейде төлемнің қосымша құралы ретінде пайдаланылады. Бұл түсінікті және бұрыннан күтіліп отыр. Бірақ қарапайым адамдарда көптеген сұрақ туындағаны жасырын емес. Мысалы, цифрлық теңгенің нақты қандай салаларда қолданылатыны кезең-кезеңмен белгіленіп, тізімі елге жариялануға тиіс. Әзірге біздің естіп отырғанымыз — ЦТ бюджеттік қаражаттардың қозғалысын бақылау үшін пайдаланылып жүр, — деді депутат.

Тағы бір өзекті сұрақ — қазақстандықтар қай күннен бастап оны тауар сатып алуға, қызметтердің ақисын төлеуге күнделікті жұмсай алады? Оны онлайн аударуға бола ма? Азаматтың бірісі мемлекетке, күш құрылымдарына, банкке, басқасына ұнамаса, олар барлық цифрлық теңгесін бұғаттап тастап, ол адам өмір сүруге бір тиыны қалмай, қылмысқа бармай ма? П.Казанцев сарапшыларды мазалаған тағы бір мәселеге назар аудартты: цифрлық теңгені енгізу қаскөйлердің құралына айнамай ма, халықты алаяқтық схемаларға тартуды жеңілдетпей ме?

ЖАҢА АҚША ҚАЙДА ҚОЛДАНЫЛАДЫ?

Ұлттық банк төрағасының орынбасары Берік Шолпанқұловтың апараты бойынша заңда цифрлық теңгені пайдалану өрісі ретінде — есеп айырысу саласы бекітілмек.

— Заң жобасында оны есеп айырысу құралы деп таныдық. Ендеше болашақта оны өмірдің барлық саласында — дүкендерде, автокөлік немесе баспана сатып алғанда, басқасында есептесуге пайдалануға болады. ЦТ қолданыстағы инфрақұрылымдарға толығымен кірік-

тіріліп, имплементацияланады. Оны тұрмыста пайдалануда ешқандай проблема туындамайды. Бұқара мен бизнеске оны онлайн есептесуде де, POS-терминалдарда да қолдануына болады. Бюджеттің қаражатын игеруді бақылау мәселесі пысықталу үстінде, — деді Берік Шолпанқұлов.

Ол цифрлық теңгеде бағдарламалау (программируемость) функциясы қарастырылатынына сендірді. Бұл қыры сынақтан өтіпті: пилоттық жоба аясында жол құрылысына шығындалған қаржының бір бөлігі тексерілді.

— ЦТ-дағы бюджеттік қаражаттың нысаналы мақсатын алдын ала бағдарламалап, ақшаның жолай жемқорларға жырымдалмай, ақырғы алушысына дейін жетуін қамтамасыз ете аламыз. ЦТ толығымен блокчейн-технологияға кіріктірілген: қаржының әрбір алушысы тізбек-тізбекпен көрсетіліп тұрады. Индете отырып, оның бүкіл «өмір

ламасы аясындағы мемлекеттік қолдау бастапқы капиталымыз болды. Цифрлық теңге — технологиялық, жариялы және ұзақмерзімді дамуға бағдарланған жаңа кезеңіміздің рәмізі. Өзімізге артылған бұл тарихи сенімді нақты жаңғыруға айналдырамыз. Елде жоғары стандартқа сай өнім пайда болып, бизнесіміз тұрақты, жауапты өндірістің символына айналуы үшін еңбек етеміз, — деді В.Кремберг.

ТРАНЗИТТІК ИНТЕГРАЦИЯ МОДЕЛІ ҚҰРЫЛАДЫ

«Даму» қорының басқарма төрағасының орынбасары Арсен Мұстафин жаңа қаржылық құралдың бизнес үшін артықшылықтарын атады. Біріншіден, ЦТ-дағы несие онлайн рәсімделеді, талап етілетін құжат мейлінше азайтылған. Өйткені мемлекет кәсіпкердің артық есептерінсіз-ақ, бұл теңгенің қозғалысын өз бақылауында ұстай алады. Екіншіден, өтінім жылдам қаралып, қаражат шотқа тез түседі. Үшіншіден, мемлекеттік бағдарлама шарттары жариялы түрде орындалады.

Төртіншіден, бақылаушы-қадағалаушы органдар бизнесменге «ревизорлық» сапарлармен барып мазасын ала бермейді, салық тексерісі болмайды. Осы арқылы кәсіпорын өкімшілік кедергілерден, қаржылық шығындардан, жұмысындағы кідірістерден құтылады. Бесіншіден, шығарған өнімін шетелге экспорттаса, ол үшін ҚҚС-ты қайтару мерзімі қолданыстағы 55-75 күннен 15 жұмыс күніне дейін қысқарады екен.

— Жалпы, мемлекеттік қолдау бағдарламаларының айқындылығы, жариялылығы мен тиімділігін арттыру үшін ЦТ-ны пайдаланудың әлеуеті зор. Оның негізгі артықшылығының бірі — бөлінген қаржының орнымен жұмсалуды бақылау айтарлықтай жеңілдейді. Себебі ЦТ таңбаланады. Осы мәміле де озық қаржылық технологияларды енгізудегі маңызды қадам саналады. Бұдан былай кәсіпкерлер несиені цифрлық теңгемен алады. Соның арқасында процесс тезірек, ашық әрі тиімдірек болмақ. Бұл осы бағытты одан әрі дамытуды жоспарлап отырмыз, — деді «Даму» басшылығының өкілі Арсен Мұстафин.

Ұлттық банк төрағасының кеңесшісі, цифрлық трансформация басшысы Бинұр Жәленовтің пайымдауынша, мұндай инновациялық шешімдер мемлекет, банк және бизнес арасындағы сенімнің жаңа стандартын түзеді. «Осындай тетіктер әр салаға жылдам таралады деген үмімізміз. Президенттің тапсырмасы бойынша ЦТ енді мемлекеттік шығындар мен субсидиялардың барлық түріне кезең-кезеңімен енгізіледі. Ол елдің неғұрлым тиімді, технологиялық және орнықты қаржы жүйесінің негізін қалыптастыруға тиіс», — деді Б.Жәленов.

Ал вице-премьер — ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің мәліметі бойынша жаңа жобаларды жүзеге асыру кезінде жолдарды жөндеу цифрлық теңгемен қаржыландырылады. Ортамерзімді кезеңде Үкімет кемінде 100 мемлекеттік жобадан ЦТ-ны енгізу міндетін қойып отыр. Ол үшін Ұлттық банк Қаржы министрлігімен бірлесіп «Транзиттік интеграция моделін» жүзеге асыруға кіріскен. Бұл модель министрліктің Қазынашылық комитеті үшін бірыңғай терезені құрады. ЦТ-ны эмиссиялау және өтеу жөніндегі үдерістерді автоматтандырады, сондай-ақ өтімділікті басқару тәсілдерін енгізуді көздейді.

Бүгінде пилоттық режимде цифрлық теңгені пайдаланудың бірнеше жобасы сынақтан өтіп жатыр, бұлар — Павлодар және Атырау облыстарындағы жолдарды орташа жөндеудің 2 жобасы, Астанада осал отбасылардан шыққан мектеп оқушыларына тегін ыстық тамақ беруге ваучер бөлу жобасы. «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасын жүзеге асыру кезінде, «Даму» қоры желісі бойынша кәсіпкерлерді қолдау бағдарламасына, Мемлекеттік кірістер комитетінің мемлекеттік сатып алулары кезінде «боялған» ақшаны енгізудің пилоттық жобалары пысықталу сатысында.

АЙМАҚТЫҚ КЕҢЕСТІҢ АЛҚАЛЫ ЖИЫНЫ

«AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалында Miras аймақтық кеңесі отырысының хаттамалық тапсырмаларының орындалуы талқыланды. Кеңес мүшелері халықтың мәдени іс-шаралармен қамтылуы, өңірдің көрнекті тұлғаларының мерейтойлық күндерге арналған іс-шаралары туралы есепті тыңдады. Сонымен қатар 2025 жылға арналған жұмыс жоспары нақтыланды, келер жылға жоспарлар ұсынылды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Кездесуге қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары, мәдениет бөлімдерінің басшылары қатысты.

— Жол картасы бойынша 2025 жылдың қаңтарынан желтоқсанына дейін 7760 іс-шара өткізілді. Бірнеше ірі жоба жүзеге асты, оның ішінде «Барлығына

арналған өнер», STREET BEAT KRG, ARQA Fest фестивалі, «Ерекше қос жұлдыз» — асыл қазына», «Қарашада өмір тұр» поэзия кештері сериясы және «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясындағы «Еңбекке тағзым» жобасы, — деп атап өтті «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков.

Айта кету керек, жыл бойы маңызды мерейтойлар мен естелік күндерді атап өтуге арналған іс-шаралар назардан тыс қалған жоқ. Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған театрландырылған бағдарлама және концерттер өткізілді. Алаштың 120 жылдығы аясында Алаш ғалымдарының қатысуымен ұйымдастырылған дәрістерге халық көп жиналды.

Наурыз мейрамында көшпелі іс-шаралар, флешмоб, ұлттық киімдер сән көрсетілімі, «Наурыз керуені» мерекелік автобусы жүріп, қалалық саябақтар мен мәдени мекемелердегі концерттер ұйымдастырылды. 7 және 9 мамырда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына, Республика күніне арналған патриоттық ән фестивалі, мерекелік концерттер де жоғары деңгейде өткізілді.

Биыл Қазақстан ғылымының, әдебиетінің және өнерінің көрнекті тұлғаларының маңызды мерейтойларына ерекше көңіл бөлінді. Академик Евней Бөкетовтің 100 жылдығына орай Қарағанды орталықтандырылған



кітапхана жүйесінің филиалдары көптеген іс-шара өткізді. Ақын Серік Ақсұңқарұлының 75 жылдығына орай шығармашылық кеш ұйымдастырылды. Татар ұлттық филармониясының 210 жылдығы атап өтіліп, Ұлттық домбыра күні аясында Орталық саябақтың тұрақты сахнасында

«Домбыра — Асылмұра» атты кең көлемді флешмоб құрылды.

Кеңес шешімі бойынша мәдени іс-шараларды ұйымдастыру және өңірдің көрнекті тұлғаларының мерейтойлық күндерін насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жалғасатыны айтылды.

ERG МЕН ЖАПОН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ЕЛІМІЗ ГАЛЛИЙ ӨНДІРІСІ БОЙЫНША ӘЛЕМДЕ ЕКІНШІ ОРЫНҒА ШЫҚПАҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жапонияға мемлекеттік сапары аясында екі ел арасындағы стратегиялық әріптестікті нығайту және экономикалық, технологиялық ынтымақтастықты кеңейту бағытында бірқатар құжаттарға қол қойылған. Әсіресе, өндіріс және өнеркәсіп салаларына жаңа заманауи технологияларды енгізу жөніндегі келісімшарттар сәтімен жүзеге асты.



Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Eurasian Resources Group (ERG) Hitachi және Mitsui конгломераттарымен өзара түсіністік пен серіктестік туралы меморандумдар жасасты. Келісімдер озық технологиялар мен шешімдерді әзірлеу мен енгізу, декарбонизация және «жасыл» экономиканы дамыту жобаларын іске асыру, өндіріс қуатын жаңғырту мен жоғарытехнологиялық жеткізілімдер тізбегін дамыту сынды бірқатар ілкімді салаларды қамтиды.

ERG мен Mitsui & Co., Ltd. арасындағы меморандум бизнес мүмкіндіктерді бірлесіп зерттеу мен кең ауқымды бағыттар бойынша бастамаларды пысықтау, соның ішінде тау-кен байыту және металлургиялық жабдықтарды модернизациялау мүмкіндіктерін іздестіруге бағытталған. Келіссөз барысында орнықты даму мен терең өңделген өнімдер шығару жайы да қамтылды. Атап айтқанда, ауыр тау-кен техникаларын электрлі ету және күйдіру машиналарын жаңғырту арқылы олардың көміртегі ізін төмендету қарастырылды.

Сонымен қатар ERG мен Hitachi Construction Machinery арасындағы меморандум перспективалық жобаларды бірлесіп зерттеуді қарастырады. Бірінші кезекте қарьерлерде кеңінен қолданылатын Hitachi EH4000 көлігінің күш қондырғыларын

гибридті тәртіпте пайдалану үшін модификациялау, ERG-дегі тау-кен жабдықтары жұмысының тұрақтылығын арттыру қамында жасанды интеллект сынды цифрлық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін қарастыратын болады. Тараптар халықаралық нарықтарға көміртегі ізі төмен өнімдердің жеткізілімдерін зерделеуге, жеткізу тізбектерін жетілдіруге, минералды ресурстарды сату мен қойма, кеден және тасымал инфрақұрылымын қамдаудағы ұзақмерзімді шешімдерді бірлесіп зерделеуге уағдаласты. Қол қойылған бұл меморандумдар технологиялық серіктестікті нығайту мүмкіндіктеріне жол ашты. Заманауи инженерлік шешімдерді тарту және өнеркәсіп пен энерготиімділік саласындағы жапонның озық тәжірибелері қолжетімді болады.

Кездесулер барысында қол жеткен нәтижелер жайлы ERG Директорлары кеңесінің төрағасы, Бас директоры Шухрат Ибрагимов:

Қол қойылған бұл меморандумдар технологиялық серіктестікті нығайту мүмкіндіктеріне жол ашты. Заманауи инженерлік шешімдерді тарту және өнеркәсіп пен энерготиімділік саласындағы жапонның озық тәжірибелері қолжетімді болады.

— Бұл келісімдер ERG дамуының жаңа тармағының бастауы болады. Жетекші жапон компанияларымен серіктестік технологиялық модернизацияның қарқынын үдетіп, экологиялық таза шешімдерді енгізіп, қазақстандық өндірістің потенциалын кеңейтуге жол ашты. Біз бұл жерде тек Топ кәсіпорындарына ғана емес, жалпы бүтін бір сала мен ел экономикасына сүбелі үлес қосатын бастамалар көріп отырмыз. Бүгін қол қойылған меморандумдар Мемлекет басшысының Жолдауында айқындалған басым бағыттар —

ерекше маңызды салаларды дамыту, елдің өнеркәсіптік егемендігін нығайту, заманауи әрі жоғары технологиялық өндірістерге көшу тапсырмаларына сай. Біз жапондық серіктестермен бірлескен жобалар ұзақмерзімді, орнықты нәтижелер береріне сенімдіміз, — делі.

ERG халықаралық серіктестермен өндіріс процестерін трансформациялауға бағытталған, көміртегі ізі мен маңызды ресурстардың халықаралық нарықтарындағы Қазақстанның позициясын нығайта түсуге бағытталған бірлескен жү-

мысты жалғастырып келеді. Әсіресе, Қазақстанның галлий өндірісі бойынша әлемде екінші орынға шығуына мүмкіндігі мол. Президент Жапонияға мемлекеттік сапары аясында Eurasian Resources Group (ERG) пен Mitsubishi Corporation RtM Japan Ltd. компаниялары галлий жеткізілімдеріне қатысты келісімшартқа қол қойды. Бұл стратегиялық металл электроника және жоғары технологиялар саласында үлкен сұранысқа ие. Яғни, ERG мен Mitsubishi Corporation RtM Japan Ltd галлий жеткізілімдеріне қатысты ұзақмерзімді келісімшарт нәтижесінде Қазақстанның бай кен қорларын тиімді пайдалана отырып, Жапонияның озық технологияларын енгізу жоспарлануда. Топ маңызды минералдар саласындағы осы негізгі жобаны жүзеге асырғанда, ол Қазақстанның әлемдік галлий өндірісінде екінші орынға шығуына сеп болмақ.

«Қазақстан алюминийі» АҚ Павлодар алюминий зауытындағы өндірістік ерітінділерден галлий өндіру технологиясы — ERG Research and Development компаниясының өз әзірлемесі саналады. Тандалған бұл технология негізгі өнім — глиноземнің (бастапқы алюминий тотығы) сапасын арттыруға септігін тигізіп отыр. Әрі ерітіндіден құрамында бастапқы алюминий тотығы төмен, стратегиялық тұрғыда жоғары сапалы металл алынады. Галлий өндіретін учаске құрылысына құйылған инвестиция көлемі 12,5 млрд теңгеден асып, 70 жұмыс орны құрылмақ.

Жаңа өндірісте жылына 15 тонна галлий алу көзделген. Алғашқы өнім 2026 жылдың үшінші тоқсанында қолға тимек. ERG бұл жобаны сәтті іске асырса, Қазақстан галлий өндіру көлемі бойынша әлемде екінші орынға шыға алады.

— Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы сирек кездесетін металдар мен аса маңызды минералдардың маңызын баса айттып, олардың әлемдік өндіріс және сауда тізбектеріне еніп, орнығу қажет делі. Галлий заманауи технологиялар, әсіресе электроникада кеңінен қолданылатын ерекше маңызды металл қатарына кіреді. Біздің жобамыз Президент жүктеген тапсырмаға сай. Галлий өндірісін іске қосып, Mitsubishi Corporation RtM Japan Ltd-ге жеткізу отандық кәсіпорындарды дамытып, стратегиялық ресурстарды бәсекеге қабілетті өңімге айналдыра отырып, Қазақстанның жоғары технологиялық материалдар нарығындағы позицияларын нығайта алатынын көрсетті, — делі ERG Директорлары кеңесінің төрағасы әрі Бас директоры Шухрат Ибрагимов.

КӨКЕЙКЕСТІ

АҚ ХАЛАТТЫЛАРҒА АЙРЫҚША МӘРТЕБЕ



Кейінгі кезде фельдшерлер тап болған оқиғалар елді алаңдатты. Өздерінің қызметіне қатысты кейбір түйткілдерді аталған мамандық иелері айтып та жүр. Жақында Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Асхат Аймағамбетов медицина қызметкерлері мен жедел жәрдем жүргізушілерін зорлық-зомбылықтан қорғайтын заңның негізгі нормаларын түсіндіріп берді. Жаңа заң дәрігерлерді қалай қорғайды?

Көктем ҚАРҚЫН

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, 2019 жылдан бері Қазақстанда дәрігер, фельдшер, медбикелерге және басқа да денсаулық сақтау қызметкерлеріне жасалған шабуылдардың 170-тен астам фактісі тіркеліпті. Әсіресе, жедел жәрдем қызметкерлері жиі соққыға ұшырайды. Қоғам назарын аудартқан осындай оқиғаның алғашқысы 2023 жылы тіркелген еді. Желіде ер адамның жедел жәрдем жүргізушісін соққыға жыққан бейнежазбасы тарап кетті. Оқыс оқиға Қарағанды қаласында болған. Жарияланған бейнежазбадан ер адамның жедел жәрдем жүргізушісіне дауыс көтеріп сөйлеп жатқанын көруге болады. Қала тұрғыны жүргізушіге көлікті дұрыс қоймағаны үшін шүйліккен. Ашуға булыққан ер адам жедел жәрдем қызметкерін ұрған. Кейін Қарағанды облысы Полиция департаменті жедел жәрдем жүргізушісін соққыға жыққан азаматты тауып, жауапқа тартты. Бірақ медицина

қызметкерлеріне күш көрсету мұнымен тоқтаған жоқ.

ОН ЖЫЛ ОҚЫҒАНЫ АҚТАЛА МА?

Дәрігерлер жоғары оқу орнын он жылға жуық оқып, «адам жанына араша болсақ» деп күні-түні жан аямай жұмыс істейді. Бірақ қолға алатын еңбекақылары мардымсыз. Ал тұрғындардың айтатыны алғыс емес, дәрекілік. Бұл туралы әлеуметтік желіге медицина қызметкерлерінің жақындары жазып та жүр.

— Менің жолдасым 11 жыл оқыды. 8 жылдық тәжірибесі бар. 2021 жылы жұмысқа орналасқан кездегі айлығы 175 мың теңге еді. Қантарда бір рет индексация жасап көтерді. Содан бері әлі күнге дейін 205 мың теңге алады. Ал ауруханаларда дәрігер аз, науқас көп. Кейде тіпті айына 280 сағат жұмыс істеуіне тура келеді. Кейде жұмыстан тамақ іше алмайды, уақыт болмайды деп келеді, — дейді астаналық Ақмарал Әуесбаева.

Денсаулық сақтау министрлігі желідегі жұрттың пікірін ескергендерін жеткізді.

Министрліктің ресми өкілі Әсел Қыдырәлиеваның айтуынша, ведомство медицина қызметкерлерінің өтінішін жан-жақты қарап, тиісті жұмыстарды атқарып жатқан көрінеді.

— Әлеуметтік желілерде айтылғандардың бәрі тыңдалдық. Бұл ретте жалақы мәселесі бірінші көтерілді. Екіншісі, медицина қызметкерлеріне жасалатын шабуылдардың көп екені. Ондай жағдайлар ауруханалардың қабылдау бөлімдерінде де жиі болады. Қазір жедел жәрдем қызметі мен инфекциялық аурулармен жұмыс істейтін медицина мамандарының жалақысын көтеру мәселесі министрлікте қызу талқыланып жатыр. Бірақ ол бір күнде бір ғана министрліктің шешімімен шыға салмайды. Ол — біраз уақыты қажет ететін процесс. Енді бюджеттің мүмкіндіктері мен заңнама аясында нақты қандай механизмдер бар екені қарастырылып жатыр, — деген ол Jibek Joly телеарнасына берген сұхбатында.

Кардиолог-дәрігер Гүлжан Жаңалыкованың пікірінше, адам денсаулығына жауапты дәрігерлерге диагноз қою, емдеу,

зерттеу әдістеріне сүйеніп, науқасқа жедел көмек көрсету оңай емес. Кейде 1-2 секундтың ішінде науқастың шағымдарына қарап шешім қабылдауға тура келеді. Мұндай сәтте қателікке жол жоқ. Алайда соған қарамастан, көп жағдайда дәрігер агрессияға, орынсыз талап пен кінәлауға тап болады.

— Дәрігерлер аз айлықпен, артық жүктемен, кейде бірнеше маманның жұмысын қатар атқарып, оның үстіне әр науқастан естілетін орынсыз сөзге, қысымға төзіп қызмет етеді. Айлықтың төмендігі тек материалдық мәселе емес, ол маманның қоғамдағы беделіне де тікелей әсер етеді. Еңбегі лайықты бағаланбаған дәрігерден шексіз сабыр мен төзім талап ету — әділетсіздік. Сондықтан дәрігерге құрмет тек адамгершілік ғана емес, ең алдымен оның еңбегін әділ бағалаудан басталуға тиіс. Айлығы лайықты, құқығы қорғалған, қоғам алдында беделі жоғары дәрігер ғана науқасқа бар күшін салып, алаңсыз қызмет көрсете алады, — дейді Гүлжан Жаңалыкова.

Сондай-ақ кардиолог науқастардың орынсыз қысымы мен сұрақтарының да көп екенін айтты.

— Осыдан екі жыл бұрын қабылдауыма бір науқас жазылды. Ол Оңтүстік Кореяда 2 миллион теңгеге кешенді тексеруден өтіп келіпті. Бірақ Корея, Түркия секілді дамыған елдерде дәрігерлер науқасқа талдаулардың қорытындысын қысқа әрі нұсқа — «жағдайыңыз қалыпты» деген бір ауыз сөзбен ғана түсіндіреді. Ал бізде керісінше, алдымызға келген әр адамға барынша егжей-тегжейлі түсіндіріп, бірнеше рет қайталап, қажет болса жазып беріп, қолына ұстатамыз. Соған қарамастан, әлгі науқас тапсырған анализдерінің нәтижесін тағы да қайта қаратып, «күмән келтірді. Неге сол науқастар шетелдік клиникаларда «неге толық түсіндірмедіңіз?» деп жанжал шығармайды? Өйткені ол елдерде дәрігердің еңбегі жоғары бағаланады, кәсіби беделі мен мәртебесі заңмен де, қоғам тарапынан да қорғалған. Дәрігер өз еңбегінің қадірін сезінеді, ал науқас оны сыйлауға мәжбүр, — дейді дәрігер.

ШАБУЫЛ ЖАСАҒАНҒА ШАРА ҚОЛДАНАДЫ

Бұл мәселе осы уақытқа дейін Мәжіліс отырысында бірнеше рет көтерілді. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Асхат Аймағамбетов дәрігерлерге жасалған шабуыл полиция қызметкерлеріне шабуыл жасаумен теңестіріліп, қылмыстық жауапкершілік күшейтілуге тиіс екенін айтқан болатын.

— Қазақстанда басқа ешбір мамандық медицина қызметкерлеріндей жиі агрес-

сияға тап болмайды. Оның салдары қазірдің өзінде байқалып жатыр. Дәрігерлер жұмыстан кетіп жатыр, өйткені өзін қауіпсіз сезінбейді. Сондықтан біз бұған дейін үш рет Қылмыстық кодекске өзгерістер ұсындық. Дәрігерге шабуыл жасаған адамға қатысты бөлек бап, қатаң жаза болуы керек. Бұл жаза полицияға немесе орманшыға шабуыл жасаумен тең болуға тиіс. Егер дәрігер соның кесірінен жұмысқа жарамай қалса, кінәлі адам моральдық та, материалдық та өтемақы төлеуі керек. Қажет болса өмір бойы төлесін, — деген еді депутат.

Бірнеше ай бойы депутаттар заң жобасын пысықтап, бірқатар өзгеріс енгізген. Дәлірек айтқанда, қорқыту мен нақты күш қолданудың аражігін ажыратқан. Осылайша, Президенттің тапсырмасымен әзірленген маңызды құжатта 4 млн теңгеге дейін айыппұл, 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру және қоғамдық жұмыстар көзделген.

— Қоғамда «жай ғана қорқытқаны үшін бірден түрмеге жабады» деген алыпқашпа әңгімелер бар, бірақ бұл шындыққа жанаспайды. Егер адам қолына балтасын немесе пышағын алып, кәдімгідей қорқытса, мұны қорқыту деп есептеуге болады. Ал егер үлкен кісі эмоцияға беріліп, жай ғана ауыр сөздер айта, біз мұны шынымен қорқыту деп айта алмаймыз, себебі оның салдары жоқ. Осындай барлық нюансты тергеушілер қарап, тексереді, — делі А.Аймағамбетов Мәжіліс кулуарында.

Айтуынша, қорқытуға қатысты жазалар бастапқы нұсқамен салыстырғанда жеңіл-делі. Мысалы, басында 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар көзделсе, енді ол 300 сағатқа дейін қысқарған. Бас бостандығынан айыру немесе шектеу мерзімі 3 жылдан 2 жылға дейін төмендеді. Айыппұл санкциялары да жеңілдетілген.

— Ал нақты зорлық-зомбылыққа қатысты жазалар өзгеріссіз қалды. Егер дәрігерді ұрып, денсаулығына зиян келтірсе, бірінші оқылымда қарастырылғандай қатаң жауапкершілік сақталды. Жаза өркеттің ауырлығына қарай белгіленеді. Ең жеңіл санкция — 500 айлық есептік көрсеткіштен 1000 АЕК-ке дейін айыппұл немесе 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар, ал ең ауыр жаза — төтенше жағдайда адамдарға көмек көрсетіп жатқан дәрігерге келергі келтіргені үшін 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы бар. Бірақ оның барлығын сот анықтап, шешім қабылдайды, — делі депутат.

Бұл — халықаралық тәжірибеде бар заңнама. Мысалы, Еуропа елдерінде дәрігерге шабуыл жасау полицияға немесе мемлекеттік қызметшіге шабуыл жасаумен тең. Онда мұндай өркет үшін нақты, қатаң жаза бар. Енді Қазақстан да өз дәрігерлерінің құқығын қорғауға көшеді.

ӨМІРДЕН КІМ ӨТКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ...

23 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

Асанәлі Әшімов. Ол – Бекежан. Ол – Қасымхан Шадияров еді. Ол өзі сомдаған мыңдаған кейіпкерлері арқылы көрерменнің жүрегінде мәңгі қалды. Ол сомдаған кейіпкерлердің әрқайсысының шоқтығы биік. Кино өнерінде де, театр өнерінде де Асанәлі Әшімовтың дара жолы бар.

Асанәлі Әшімов 1937 жылы 8 мамырда Жамбыл облысы Сарысу ауданы Жайылмада дүниеге келген. 1956-1961 жылдары Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының театр факультетін актер мамандығы бойынша бітірген.

Ол Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры сахнасында М.Әуезовтің «Абайында» Керім, «Еңлік-Кебегінде» Кебек, «Қара қыпшақ Қобыландысында» Айшуақ, «Таңғы жаңғырығында» Жарасбай, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлуында» Қодар, К.Мұхамеджанов, Ш.Айтматовтың «Көктөбедегі кездесуінде» Иосиф Та-таевич, Шекспирдің «Юлий Цезарінде» Юлий Цезарь, М.Фриштің «Дон Жуан-ның думанында» Дон Жуан, Ө.Нұрпейісовтің «Қан мен терінде» Еламан, И.Вовнянконың «Апатында» бас кейіпкер, тағы да басқа көптеген қойылымда көрнекті актердің айшықты өнегесі мен өрнекті ізі жатыр. Ал А.Әшімовтің театрдағы соңғы күрделі жұмысы Г.Гауптман-ның «Ымырттағы махаббат» драма-сындағы доктор Клаузен болды.

Әшімов — қазақ киносын әлемдік деңгейге көтерген актерлердің бірі. Оның кинодағы Бекежан («Қыз Жібек»), Ша-дияров («Атаманның ақыры»), Мәмбет («Сарқырама»), Қасымханов («Транссібір экспресі») Кемел («Нан дәмі»), Нұрғазы («Алатаудын ай мүйізі»), Каражал («Жау-шы»), Шыңғыс хан («Бұлғар даласынан ескен жылы жел») рөлдері нағыз шебер-ліктің шынына шығарды.

Таулар алыстаған сайын биіктей түседі. Асанәлі Әшімов бейнесі де алыстаған сайын шыңға айналары сөзсіз. Қазір сахна үнсіз, залдың ауасы ауыр тартқандай болып тұрғанымен, Асанәлі Әшімовтың өнері, рухы — мәңгілік. Ол халқының жүрегінде, көрерменнің жа-дында, сахна төрінде өмір сүре береді.

АҢЫЗБЕН ӨТКЕН ОТЫЗ ҮШ ЖЫЛ

Біз Асанәлі екеуіміз сахнада отыз үш серіктес болыппыз. Бір ғана рөл емес, бір ғана қойылым емес, тұтас 33 жыл бірге сахнада өткізген жылдар. «Ғашықтарды» ойнадық. Сол сахнада айтылған әр сөз, әр үн, әр қимыл-қозғалыс — бүтін бір тарихқа айналды.

Асанәлі Әшімов сахнаға күліп шыға-тын, әзілмен келетін, қалқыны бөлек еді. Қандай көңіл күйде болса да, айналасына шуақ шашып тұратын еді. Оның сол бір табиғи жылылығы адамды еріксіз баурап алатын. Сахнада қасында жүрген адам өзін еркін, сенімді сезінетін.

Жылдар өте жас та ұлғайды. Бірде өзімнің сексенге таяғаныма айттым. Сонда Асекең баяғы өзіне тән шынайы күлкісімен:

«Қой, сен әлі жап-жассың ғой» депі. Сол сөздің өзінде қанша мейірім, қаншама рух бар десеңші... Өзгеге күш беріп, өзгені жігерлендіріп жүретін адами қасиеті бөлек-тін.

Асанәлі жай ғана әріптес емес, сахна-дағы тірек, өмірдегі медет, рухани аға еді. Ол сахнаға шыққанда уақыт тоқтап қал-ғандай сезілетін. Сөзді ғана емес, жанын сөйлететін ерекше жан еді. Ол кейіпкерін ойнаған жок, сол кейіпкердің өзіне ай-налды. Сондықтан көрермен оны актер деп емес, тағдыр деп қабылдады.

Ол — аңыз адам. Аңыз адамды «жок» деу, «кетті» деу — қандай қиын! Мұндай жандар өмірден кетпейді, олар әрдайым халқының жүрегінде, сахна төрінде қала-ды. Оның үні, оның келбеті — қазақ театрымен бірге мәңгі жасай бермек.

Асанәлінің артында жалғасы бар: тағы бір Асанәлісі қалды. Ол — тек әке аманаты емес, ұлт рухының жалғасуы.

Жаратқан иеміз ұрпағын қолдасын! Біз үшін Асанәлі — сахнадағы серік қана емес, тұтас бір дәуір еді. Сол дәуір-мен бірге жүргеніміз — өміріміздің ең үлкен бақыты!

Кош бол, Асанәлі! Сізбен өткізген сахнадағы жылдар — жүректе мәңгілік қалады.

Гүлжан ӘСПЕТОВА,
Қазақстанның Халық әртісі

ДӘУІР КӨШІП БАРАДЫ...

Қабырғамыз сөгілді. Көз жасымыз төгілді. Жүрегіміз езілді. Ел-жұрты егілді. Алаш аспаны бір сәтке аласарды. «Қараң-ғы түнде тау қалғыды»... Бұл қайғы — халықтың қайғысы болғанда басқаша

қалай деуге болады? Дүниеден бір дәуір көшіп барады.

Көзі тірісінде аңыз-абызға айналған, танымалдылығы төрткүл дүниенің түк-піріне жеткен, Алаш атын аспандатқан, Аймановтардың аманатын алға апарып, арманын асыра орындаған Асанәлі Әшімұлы — Бекежан баһадүр бұ жалған-ның есігін жылы жауып, өзі жиі жазып, жиі айтатын сағынышқа айналған само-родок — сары алтындарына аттанды.

«Әлі талай мың өліп, мың тірілерсін» деуші еді жанындай жаксы көрген досы Оралхан. Күні кеше ғана жарық көріп, тұсауы кесілген «Актермін мен, мың өліп, мың тірілген» атты кісілік кітабы соңғы акку әніндей болған екен. Сәбит досы екеуі «біз айтып кетпегенде, кім айтады?» деп кітап жазудан жарысқа түсіп еді. Артында тағы да беті ашылмай қанша кітапқа арқау болар алты дәптер қалды.

Тәңірден оған талант берілді. Сан қырлы, көл-көсір талант. Оған ғана тән тартымдылық, тектілік көп кісінің бойынан кездеспейтін еді. Ол жұртты өзінің дарын қуатымен мойындата тұра, сол дарын атрибуттары былайғы өмірінде де сәтті жалғасып, тәнті етіп жататын. Ойынында бір фалыш жок, оның қал-жынында да халтура болмайтын. Ол

жағымпаз, жасанды емес, жасампаз ғұ-мыр кешті.

... «Егемен Қазақстанға» «Жанаөзен оқиғасы туралы мақала беріңіз» деп қыштағанда: «Мен «маскүнем, нашакор» деп айыптағанға түп-тамырымен қар-сымын, мен халық артисімін, қашанда халық жағындамын, халық өз құқын та-лап етті»-деумен шектелдім», деп жазды соңғы кітабында кинода да, сахнада да қайта тумас қаһарман кейіпкерлерді сомдаған Асаға. Иә, ол шынында халық артисі еді. Ол отырған жердің бәрі жарқырап кететін. Атшаптырым үлкен залдарға, ғимараттарға әкім-қаралар кіріп келе жатқанда селт етпейтін халық, оны тік тұрып қарсы алатын. Көшеге шыға қалса, жұрт кес-кестеп жүргіз-бейтін. Халықтың құшағында болған, шексіз сүйіспеншілігіне бөленген мұндай тұлғалар азда емес, көп те емес. Солардың қатарындағы санаулы санаткердің бірі еді ол. Түнеу жылдары оның басына қара бұлттай қаптаған қайғыны еңсерген де сол халықтың өлшеусіз құрметі еді.

«Өнердің жаны — құштарлық, жауы — іштарлық» деп өткен ол қашанда осы ұстанымынан айнымады. Басқасын былай қойғанда, «Қыз Жібек», «Атаман-

Асанәлі Әшімов – табиғаттан берілген сирек талантты үздіксіз ізденіс, интел- лектуалдық еңбек, ішкі мәдениет пен сахналық тәртіп арқылы кемелдендірген феномен болатын.

ның ақыры», «Транссібір экспресі» три-логиясы — ұлт руханиятының тарихында мәңгілікке қалатыны алғаусыз ақиқат.

Асағанның кластасы, досы Октябрь әкеміз «Асанәлінің төбесін көргеннен бар екенбіз ғой, бар екенбіз деп шүкір-шілік етемін» дейтін еді. Бұл сөздің қазақ аманда әлі талай айтылатынына, айтыла беретініне шүбә жок.

...Ол енді биіктей береді.

Қали СӘРСЕНБАЙ,
жазушы

АСАНӘЛІ ӘШІМОВ ФЕНОМЕНІ

Асанәлі Әшімов — тек Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының ғана емес, тұтас қазақ театр өнерінің рухани теміржолы, көркемдік бағдары, ары мен ұяты болған дара тұлға еді. Оның есімі сахнамен қатар аталып, болмысы театрдың өзімен біте қайнасып кеткендей қабылданатын. Қазақ театрын Асанәлі Әшімовсіз елестету мүмкін емес болатын.

Республиканың түкпір-түкпіріндегі, шалғайда жатқан шағын театрлардың өзі жаңа қойылымының премьерасын ең әуелі осы ұлы өнер иесінің назарына



АСПАНҒА КЕТТІ АСАҒАҢ

ұсынуға тырысатын. Себебі Асанәлі ағаның бір ауыз пікірі, бір ишарасы, тіпті үнсіз қалуының өзі спектакль тағдырына, тұтас театр ұжымының шығармашылық бағытына ықпал ете алатын айрықша салмаққа ие еді.

Жасының ұлғайғанына қарамастан, ол кісі өнер алдындағы жауапкершілігін бір сәтке де әлсіреткен жок. Шақырған жерге баруға, әр өнер ордасын үкілеп, назардан тыс қалдырмауға тырысты. Өмірінің соңына дейін көрген спектакль-деріне жан-жақты, терең кәсіби талдау жасап, шынайы әрі әділ бағасын беруден танған емес. Оның сараптамасы біз үшін бағыт-бағдар, өлшем-таразы болатын. Сондықтан да баршамыз Асанәлі ағаның пікіріне зәру едік, оның бағасын тағат-сыздана күтетінбіз.

Ол — нағыз абыз қарияға тән кендік пен кеменгерлікке ие, жүрегі мейірімге толы, жанашырлығы шексіз жан еді.

Асанәлі Әшімовпен Әкемтеатрда жиырма жылдан астам уақыт бойы қоян-қолтық еңбек еттік. Сол жылдардың барлығында ол кісі мен үшін биік пара-саттың, адалдық пен жауапкершіліктің өлшемі болды. Ол ешқашан әкелік қамқорлығын аяған емес, ұстаздық өнегесімен жол көрсетті, қиын сәтте сүйеніш, даулы кезеңде ақылгөй абызым болды.

Оның әрбір сөзі мен ісі — тәрбиенің, көркемдік талғамның, адамдық болмыс-тың айқын үлгісі еді. Мен үшін Асанәлі аға театрымыздың көркемдік жетекшісі емес, рухани теміржол, бағыт-бағдар беретін Ұлы Ұстаз болып қала береді.

Асанәлі Әшімов — табиғаттан берілген сирек талантты үздіксіз ізденіс, интел-лектуалдық еңбек, ішкі мәдениет пен сахналық тәртіп арқылы кемелдендірген феномен болатын. Кәсіби тұрғыдан бағалағанда, ол актерлік өнерді эмо-циямен шектемей, оймен, философиялық тереңдікпен, мәтінге деген айрықша жауапкершілікпен ұштастыра білген хас шебер еді. Ол сахнада да, экранда да кейіпкер тағдырын жай ғана «ойнап» қоймай, оны зерделеп, талдап, көрермен санасына этикалық сұрақ ретінде ұсын-ды.

Оның театрдағы рөлдері — классика-лық драматургия мен ұлттық болмыстың табиғи синтезі. Әшімов сомдаған образ-дарда артық пафос, жалған эффект бол-ған жок. Керісінше, ішкі драматизм, үнсіз пауза, ойлы көзқарас арқылы ашы-латын психологиялық тереңдік басым болды. Бұл — актердің сахна тілін жетік менгеріп қана қоймай, оны интеллек-туалдық құрал деңгейіне көтере алғаны-ның айқын дәлелі. Ол көрерменмен ұран арқылы емес, ой арқылы тілдесті. Сол себепті де оның өнері уақытқа бағынбады.

Кино өнеріндегі Асанәлі Әшімов — өз алдына дербес, бірақ театрлық образымен тығыз сабақтас тұтас бір әлем еді. Ол қазақ киносына бұрын болмаған ер мінезді, күрделі, ішкі қайшылыққа толы тұлғаларды әкелді. Оның кейіпкерлері біржақты бағыр немесе шартты қаһарман емес, тарихи, әлеуметтік, моральдық тартыстардың ортасында тұрған тірі адамдар болатын. Осы арқылы ол қазақ киносының көркемдік көкжиегін кеңей-тіп, актерлік мектептің жаңа сапалық деңгейін қалыптастырды.

Асанәлі Әшімовтің өнердегі мис-сиясы жеке шығармашылықпен шек-телген жок. Ол театрды тек сахна емес, тұтас институт, мектеп, рухани орта ретінде түсінген тұлға болды. Ұстаздық қызметінде ол шәкірттеріне актерлік техникамен қатар сахна мәдениетін, көрермен алдындағы жауапкершілікті,

өнерге адалдықты үйретті. Оның тәлімі-нен өткен актерлер бойындағы кәсіби жинақылық пен ішкі тәртіп — осы мек-тептің өміршендігін дәлелдейді.

Мемлекеттік марапаттар мен атақтар — оның еңбегінің заңды бағалануы ғана еді. Ал Асанәлі Әшімовтің ең басты марапаты — көрерменнің сенімі мен құрметі, кез келген өнер адамына бұйыра бермейтін биік мәртебе халықтың шартсыз махаббаты болды.

Біз бүгін биік парасат иесінен, рухани тірегімізден, өнердің өлшемін ұстап тұрған кеменгер төрешімізден айырыл-дық. Оның орны қазірдің өзінде үндейіп тұр, жоктығы әлі талай сезілер. Асанәлі Әшімов өмірден өтті, бірақ ол қалыптас-тырған көркемдік талғам, актерлік ойлау мәдениеті, өнерге деген талапшылдық қазақ театры мен киносының кәсіби санасында өмір сүруін жалғастыра береді.

Нағыз тұлғалар уақыттан өтсе де, мәдени жадта мәңгі қалады. Асанәлі Әшімов — дәл сондай, өнер арқылы ұлттың рухани келбетін айқындаған мәңгілік адам.

Еркін ЖУАСБЕК,
Мұхтар Әуезов атындағы
Қазақ ұлттық драма театрының
директоры

АЛАШТЫҢ АСАНӘЛІСІ

Қай ғасырда, қай кезеңде де есімі өз халқымен біте қайнасып, тағдыры ұлт тағдырымен тұтасқан заңғар тұлғалар болады. Қазақ руханиятына адал қызмет етудің асқақ үлгісін көрсеткен Асанәлі Әшімов өмірден өтті дегенге көңіл сенер емес. Бірақ Жаратқанның жазуына шара бар ма...

«Алаштың Асанәлісі» деп ардақтаған халқымызға, Бағдат жеңемізге, кішкен-тай Асанәлі бауырымызға, барша Әшім-овтер әулетіне қайғыра көңіл айтамыз.

Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО және Қазақстанның Халық әртісі, Мем-лекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті театр және кино актері, профессор Асанәлі Әшімовпен бірге қазақ өнерінің тұтас бір дәуірі тарих қойнауына аттанды.

Асанәлі аға — қазақтың кәсіби өнерінің негізін қалаған ұлы абыздар мен бүгінгі ұрпақтың арасын жалғаған алтын көпір. Алпысыншы жылдардың басында қазақ театр мен киносына «жанартау» болып келіп, сахнадағы шын мәніндегі құбылысқа айналды.

Мұхтар Әуезовтің «Абай» трагедия-сындағы Айдар бейнесімен өнер жолына қалам басқан жас Асанәлінің сол қойы-лымдағы серіктестері — Қалкемі, Ел-аған, Сері-аған, Қапан аға сияқты қазақ өнерінің абыздары еді. Асағанның шы-ғармашылық жолы сол ұлылардың батасымен басталып, Сәбира мен Ха-дишадай асыл актрисалармен, Нұрмұхан, Ыдырыс, Әнуар, Фарида, Райымбек, Сәбит сынды сахна санлақтарымен жар-расым тапты.

Актерлік өнердің көркемдік көк-жиегін биіктеткен Асанәлі Әшімов Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Әбдіжәміл Нұрпейісов драма-тургиясындағы кейіпкерлер арқылы ұлттың мұраты мен мінезін, арманы мен асқақтығын өз болмысымен өрнектей білді.

Сондықтан да театр сахнасында ол сомдаған Кебек, Қодар, Жарасбай, Ай-шуақ, Сырым батыр, Амангелді, Еламан бейнелері — қазақ рухының мәңгілік галереясы.

Ал кино өнеріндегі Бекежан образы — ұлттық рухтың хрестоматиясы. Беке-жандай батырдың ішкі қайшылығы мен ерлік болмысын халық жүрегіне шынайы жеткізе білді. «Атаманның ақыры», «Транссібір экспресі», «Бұлғар даласынан ескен жылы жел», «Сіз кімсіз, Ка мыр-за?», «Аруақ» фильмдеріндегі кейіпкер-лері — қазақ киносының алтын қорына айналған бөлек-бөлек әлемдер.

Асанәлі Әшімовтің суреткерлік бол-мысының тағы бір биік қыры — режиссура мен ұстаздық. Театр педагогикасында оның қайталанбас үні, өзіне ғана тән машығы, мәнері мен мектебі қалыптасты. Ол тәрбиелеген шәкірттер — бүгінгі қазақ өнерінің тірегі.

Қазақ өнерінің абызы әрдайым халқымен бірге болды. Осыдан бір апта бұрын ғана Астанаға өзі жетекшілік еткен театр ұжымымен, шәкірттерімен келіп, елордадағы Ұлттық театр сахнасында өнер көрсетті. Қойылым соңында сахнаға шығып, Алашына ақ батасын арнады. Бұл — ұлы өнер иесінің халқымен соңғы қауышуы іспетті еді...

Алла Тағала рақымы мен мейіріміне бөлесін!

Кош болыңыз, өнердегі ардақты аға, рухани әке, ұлы ұстаз Асанәлі аға!

Асхат МАЕМИРОВ,
Музыкалық жас көрермен театры
директоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері

«АЛАТАУ АМАНАТЫ» – ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ІРГЕЛІ БАСТАМА

Қонаев қаласында «Алатау аманаты» жобасы аясында атқарылған іс-шаралар қорытындыланды. Бүгінде Қазақстан туризмін дамытуға бағытталған бастама ірі жобаға айналды. «AMANAT» партиясының мұрындық болуымен жүзеге асырылған ауқымды іске альпинистік федерациялар, туристік клубтар, әкімдіктер мен ұлттық парктер сынды серіктестер қатысты.



Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Жиын барысында сөз алған «AMANAT» партиясы Ұйымдастыру және аумақтық жұмыс департаменті директорының орынбасары Жандос Қалтаев «Алатау аманаты» жобасының Алматы өңірінде жүзеге асырылуы — ел азаматтары үшін жана мүмкіндіктерге жол ашқанын алға тартты. Оның сөзінше, бұл бастама — тау бөктеріндегі саяхат, экологиялық мәдениет және спортты насихаттау бағытын бір арнаға тоғыстырған әмбебап жоба.

Бастама биыл 10 ішлдеде партия төрағасы Ерлан Қошановтың тапсырмасымен ресми түрде бастау алған еді. Жандос Қалтаевтың мәліметінше, ұлттық туристік маршруттың жалпы ұзындығы 1 200 шақырымға жетеді. Оның 480 шақырымы Алматы қаласында болса, ал қалған 720 шақырымы Алматы облысы арқылы өтеді. Сондай-ақ конференцияда кезең-кезеңімен заманауи туристік инфрақұрылым бой көтеретіні белгілі болды. Жобаны іске асыру барысында 28 құтқарушы пункт, 12 визит-орталық, 5 этноауыл мен этнолагерь, 5 жылқы жалға беру пункті және 5 гас-троаймак салу жоспарланған.

Жандос Қалтаев өңірде жана туристік инфрақұрылымның салынуы экономикаға пайда әкелетінін қоса айтты. Себебі бұл бастаманың нәтижесінде 650 жана жұмыс орны ашылып, 7 мың адам жұмыспен қамтылады. Сонымен, инфрақұрылымды дамыту экономикалық тұрғыда оң нәтижесін беріп қана қоймай, туристік ағынның 15 пайызға артуына ықпал етеді. Жобаны жүзеге асыру мерзімі екі кезеңге бөлінген. Бастама 2025-2027 жылдар аралығында толықтай жүзеге асырылады.

— Осы уақытқа дейін жоба аясында партия Туризм министрлігі, Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдіктері-

мен, сондай-ақ тау-кен саласының қауымдастығымен ынтымақтаса отырып бірнеше іс-шараны жүзеге асырды. Мысалы, KAZ Alpine Club қоғамдық бірлестігі Іле Алатауының 1,5 мың шақырымдық жолын зерттеді. Осының нәтижесінде, 31 түрлі бағытқа талдау жасалып, маршруттардың ерекшелігі мен әлеуеті анықталды. Трекинг пен альпинизмнен бастап, вело, ат, авто, мото және су туризміне дейінгі кең туристік маршруттар желісі жасакталды. Сол арқылы екі магистралдық дәліз құрылды, — деді Жандос Қалтаев.

Қазір жалпы ұзындығы 1 582 шақырым болатын 42 бағытқа экспедициялық зерттеу жүргізілген. Оның қатарында биік таулы аймақтар да бар. Зерттеу нәтижесінде екі негізгі маршрут әзірленді. Алғашқысы ұзындығы шамамен 400 шақырымға жететін биік таулы бағыт альпинистер мен кәсіби туристерге арналса, «Синегорье» деп аталатын екінші маршрут жаюу серуен, велотуризм және атпен саяхаттауға бейімделген қолжетімді бағыт ретінде ұсынылмақ. Жандос Қалтаевтың айтуынша, қазір мамандар негізгі 10 тауда барлау жұмысын жүргізіп келеді. Алматы облысы әкімдігінің тарапынан экспедицияға 38,9 млн теңге қаржы бөлінген. Дегенмен Жандос Қалтаев жоспарланған жобаларды сәтті жүзеге асыруға тосқауыл болатын бірқатар түйткілдер бар екенін жасырмады.

— Біріншіден, ұлттық туристік бағыттардың мәртебесін бекіту, танбалау жүйесі, навигация және экологияны қорғауға қатысты заңдық негізін жогтығы қолбайлау болып тұр. Осы себепті маршруттарды ресми түрде мойындау және оларды тұрақты пайдалану әзірге мүмкін болмай отыр. Екіншіден, маршруттардың едәуір бөлігінде қажетті инфрақұрылымның жеткіліксіздігі байқалады. Өткелдер, көпірлер, демалыс алаңдары, баспаналар, сервистік пункттер секілді нысандардың болмауы маршруттардың қолжетімділігі мен қауіпсіздігіне әсер етеді. Үшіншіден, экология-

лық қалағалау жүйесі әлі де толыққанды жолға қойылған жоқ. Бұл жағдай жолдың ескіріп, табиғи нысандардың жойылу қаупін күшейтеді. Сондықтан бұл мәселелерді бірлесіп шешу — жобаның табысты жүзеге асуы үшін аса маңызды, — деді ол.

Аталған мәселелердің түйінін тарқату үшін «AMANAT» партиясы Ұлттық туристік маршруттарды реттеу жөніндегі заң жобасын, соның ішінде таңбалау, навигация, қауіпсіздік және табиғатты қорғау стандарттарын бекіту мақсатында нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу үшін арнайы жұмыс тобын құруды, ALATAU AMANATY TRAIL бренді жасалып, сайт пен мобильді қосымша іске қосуды, сондай-ақ туристік маршруттарды басқаруда экологиялық бақылау мен мониторинг жүйесін енгізуді ұсынды. Одан бөлек, маршруттардағы қызмет сапасын жетілдіру мақсатында кадр даярлау және жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту маңызды міндет ретінде қарастырылған. Жоба аясында жана жұмыс орындары ашылып, ішкі туристік салаға шамамен 100 мың жергілікті тұрғынды тарту көзделген. Бұл өз кезегінде табиғи және мәдени мұраны сақтауға ықпал етеді.

Конференцияның келесі бөлімінде қоғамдық ұйымдар мен кәсіби туристік қауымдастық өкілдері сөз алды. Олар «Алатау аманаты» жобасын Қазақстанда ұлттық туристік маршрут жүйесін қалыптастыру жолындағы алғашқы әрі маңызды қадам деп бағалады.

KazAlpineClub КБ басқарма мүшесі Ерлан Смайлов бұл жоба болашақта елдегі ұлттық маршруттар желісінің негізіне айналатынын баса айтты. Оның сөзінше, бастама туристік инфрақұрылымды жүйелі дамытуға мүмкіндік беріп, өзге аймақтарда қолға алынатын бастамаларға үлгі болмақ.

Алматы облысы спорттық туризм федерациясының төрағасы Константин Сапронов өз сөзінде жобаға қатысты алдағы жоспарларды тізіп өтті. Оның айтуынша, маршруттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шамамен 450 шақырым соқпақты арнайы белгілеу қажет. Сондай-ақ өзендерге өткелдер орнату, аспалы көпірлер салу, кемпинг алаңдарын дайындау және биік тауда паналау орындарын құру жоспарланған. Осыған байланысты экологиялық бақылау жүйесін енгізу және ұлттық туристік маршрут туралы заң жобасын әзірлеу көзделген. Константин Сапронов быыл KazAlpineClub мамандары «AMANAT» партиясы мен Алматы облысы туризм басқармасының тапсырмасымен Іле Алатауының 1 580 шақырымнан астам соқпағын зерттегенін жеткізді.

Сонымен, конференция барысында ортаға салынған пікірлер «Алатау аманаты» жобасының мәнін айқындай түсті. Бұл бастама — инфрақұрылымды жетілдіру, экологиялық жауапкершілікті күшейту және жергілікті қауымдастықты туристік салаға тарту сынды маңызды міндеттерді қамтитын кең ауқымды жоба. Сарапшылар жоба келешекте ұлттық брендке айналып, ел экономикасына оң ықпал етеді деп сенеді.

ӘЛЕУМЕТТІ ҚОЛДАУҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ



«AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалы биыл атқарылған жұмыстардың нәтижесін қорытындылауда. Таяуда отбасы және халықты әлеуметтік қорғау, білім беру және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі өңірлік қоғамдық кеңестің бірлескен отырысы өтті. Күн тәртібінде Жол картасының тармақтарының орындалуы, мүмкіндігі шектеулі балалардың проблемалары мен оны шешу жолдары қаралды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Қоғамдық кеңестің отырысында сөз алған Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі кеңестің төрайымы Зара Шалабаева саланың өте өзекті екенін алға тартты.

— Бүгінгі талқылаулар — аймақтағы өзекті әлеуметтік мәселелерді кешенді түрде шешудің маңызды қадамы. Әсіресе, ерекше қажеттіліктері бар балалардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту — барлығымыздың ортақ міндетіміз. Жол картасының әрбір тармағы нақты нәтижеге бағытталуға тиіс, ал біз соны қамтамасыз ету үшін бірлесіп жұмыс істейміз, — деп атап өтті.

Отырыста ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайту, инклюзивті ортаны дамыту, арнайы білім беру мен медициналық қызметтердің қолжетімділігін арт-

тыру, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға әлеуметтік қолдауды күшейту қажет екені айтылды.

«Кедергісіз келешек» партиялық жобасының амбасадоры, Тен Qoғam орталығының жетекшісі, республикалық инклюзия кеңесінің мүшесі Нияз Амангелдіұлы өңірде нақты өзгеріске жол ашатын жұмыстар атқарылып жатқанын баяндады.

— Инклюзия — тек инфрақұрылым немесе қызмет көрсету емес, бұл — қоғамның көзқарасы. Мүмкіндігі шектеулі балаларға жағдай жасау үшін ең әуелі түсіністік пен қолдау мәдениетін қалыптастыруымыз қажет. Партияның бастамалары осы бағыттағы практикалық қадамдарды күшейтуге мүмкіндік береді. Біз ұсынған ұсыныстар өңірдегі нақты өзгерістерге жол ашады деп сенеміз, — деді.

Жиын қорытындысы бойынша, Жол картасын одан әрі іске асыру, мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау шараларын

күшейту және өңірдегі әлеуметтік, білім беру және медициналық қызметтердің сапасын арттыру жөнінде бірқатар ұсыныс әзірленді. Бұл ұсыныстар тиісті мемлекеттік органдарға жолданып, партия құрылымдарының алдағы жұмыс жоспарларында ескерілетін болады.

«AMANAT» партиясы өңірде кедергісіз орта қалыптастыру және балалар мен отбасылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған бастамаларды жүйелі түрде ілгерілеті бермек.

Сонымен қатар Экологиялық кеңестің отырысы да өткенін айта кеткен жөн. Отырыста өңірде партияның 2023-2027 жылдарға арналған саясаттағы бағдарламаны іске асыру жөніндегі Жол картасының орындалу мәселелері қаралды.

Жиынға облыстық Экология департаментінің, Энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы және «ҚазТрансГаз» өкілдері қатысты. Мәслихат депутаттары, қала мен аудан әкімдерінің орынбасарлары, құрылыс және ТКШ бөлімдерінің басшылары мен «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері де басқосудан тыс қалмады.

Отырыста өңірде экологиялық бағдарламаны тиімді іске асыру және партия бастамаларын орындау үшін мемлекеттік органдардың, салалық қызметтердің және қоғам өкілдерінің бірлескен жұмысының маңыздылығы атап өтілді.

Ал өткен аптада облыстық мәслихат депутаты Андрей Ляпуновтың төрағалығымен Өңірлік даму мәселелері жөніндегі Кеңестің отырысы өтті. Қарағанды облысының монокалаларын дамыту, олардың экономикалық әлеуеті, коммуналдық инфрақұрылым жағдайы, кешенді даму жоспарларын іске асыру, инвестиция тарту және жас мамандарды бекіту мәселелері қаралды.

Талқылау қорытындысы бойынша, алдыңғы қатарлы даму аймақтарын құру, индустриялық аймақтарды қалыптастыру, монокалалардағы тұрғын үй механизмдері жетілдіру, бюджет өтінімдерін уақытында беру және ТКШ нысандарына бақылауды күшейту бойынша ұсынымдар бекітілді.

Қабылданған шаралар монокалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуын арттыруға және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

«AMANAT» партиясының Түркістан облыстық филиалы жанындағы аймақтық «Жер аманаты» комиссиясының кезекті жұмыс отырысы Сарыағаш ауданында өтті. «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиевтің жетекшілігімен өткен комиссияның көшпелі отырысына «Жер аманаты» комиссиясының мүшелері, облыстық мәслихат депутаттары Алмас Салимов, Уәлихан Рахиев, Жәнібек Сүлейменов, Нұржан Аширов, Жомарт Әбдібаев, облыстық Жер қатынастары басқармасының, өңірлік Жер ресурстарын басқару департаментінің өкілдері, Сарыағаш ауданының әкімі Арман Абдуллаев, аудан прокурорының орынбасары Берік Садыхов, аудан әкімдігінің жауапты қызметкерлері, партия өкілдері қатысты.

ҚАЙТАРЫЛҒАН ЖЕРЛЕР ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ЖАРАДЫ



Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Көшпелі форматта өтіп жатқан мәжілістің маңыздылығына тоқталған Алтынсары Дүйсенбекұлы Мемлекет басшысының Жолдауында жерді ретке келтіруге қатысты нақты талап қойылғанын атап өтті.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Жер — стратегиялық ресурс. Оның бар игілігі елді дамытып, халықтың тұрмысын жақсартуға арналуы керек», — деді. «Жер аманты» жобасының аясында 2022-2025 жылдар аралығында облысымызда 1,5 млн гектардан астам жер телімдері мемлекет меншігіне қайтарылды. Ал 2025 жылдың қорытындысымен 120 пайызға орындалды. Түркістан облыстық прокуратурасы тарапынан жүргізілген тексерулердің нәтижесі бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланғаны белгілі. Соның ішінде Сарыағаш ауданы бойынша 7 ауылдық округ әкімдерінің 2023-2025 жылдар аралығында жер бойынша қабылдаған кейбір шешімдері заңсыз екені анықталған. Осы мәселеге байланысты «Жер аманаты» комиссиясының көшпелі отырысын Сарыағаш ауданында өткізіп, жер ресурстарын басқару бойынша жергілікті атқарушы органның есебін тыңдау, аудандық прокуратураның заңбұзушылықтарды анықтаудағы жұмысын бағамдау және комиссия тарапынан тиісті ұсыныстар беру ұйғарылды, — деді Алтынсары Дүйсенбекұлы.

Мәжілістің күн тәртібінде қаралған «Жер аманаты» партиялық жобасы бойынша 2022-2025 жылдар аралығында қайтарылған жер телімдерін қайта бөлу жұмыстары туралы Сарыағаш ауданының әкімі Арман Абдуллаевтың есебі тыңдалды. Аудан басшысы Сарыағаш ауданының аумағы барлығы 417 243 гектарды құрайтынын, оның ішінде 92 946 гектары — егістік, 2 586 гектары — көпжылдық бау-жүзімдік, 9 185 гектары — тынайған, 1 550 гектары — шабындық және 285 941 гектары жайылым жер екенін айтты.

— Биыл Сарыағаш аудандық мәслихатының шешімімен аудандағы жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған жоспар бекітілді. Аудан бойынша 59 185 бас — ірі қара, 19 016 бас — жылқы, 414 298 бас — уақ мал, 120 түйе, барлығы 492 499 бас мал үшін 285 941 гектар жайылым жер қарастырылды. Жүргізілген талдауларға сәйкес, жайылым жерлерді қажет ететін мал басына шаққанда жалпы көлемі 957 361 гектар жайылым жер жеткіліксіз екені анықталды. Биыл аудан аумағындағы жайылым жерлерге түгендеу жүргізілді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде, мал басы тіркелмеген жайылым жерлері бар 126 жер пайдаланушы анықталды. Олардың иелігіндегі жалпы жер көлемі 19 738 гектарды құрайды, оның 12 210 гектары ауданның арнайы жер қорына қайтарып алынды, — деді өз есебінде Арман Айдарұлы.

Аудан әкімі пайдаланылмай бос жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ауданның арнайы жер қорына енгізу жұмыстары тұрақты түрде жүргізілетінін, жерлерді қайтарып алу бойынша жыл сайын бекітілген жоспарлы көрсеткіштер орындалып жатқанын мәлімдеді. Атап айтқанда, бұл бағытта 2022 жылғы 9 жеке жер пайдаланушылар мен заңды тұлғалардан барлығы 26 257 гектар жер қайтарылса, 2023 жылы 12 жер пайдаланушы жеке және заңды тұлғалардан жалпы көлемі 22 313 гектар жер қайтарылып, ауданның арнайы жер қорына өткізілген. 2024 жылы 17 жеке және заңды тұлғаның 3907, 16 гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері ауданның арнайы жер қорына қайтарылып алына, 2025 жылы 9 шаруа қожалық пен 11 заңды тұлғаның 12 210 гектар жері ауданның арнайы жер қорына алынған.

Қайтарып алынған жерлердің есебінен 2022 жылы Дербісек ауылдық округі аумағынан жалпы алаңы 200,64 гектар жайылым

жер учаскесі, Дарбаза ауылдық округі аумағынан жалпы көлемі 580,10 жайылым жер учаскесі ортақ жайылым жерлер ретінде тұрақты пайдалануға бекітіліп берілген. Сонымен қатар Сарыағаш ауданы әкімдігі мен аудандық мәслихаттың бірлескен шешімімен Жылға ауылдық округінің Қарақалпақ елді мекеніне 759,41 гектар жайылым жер учаскесі және Тегісшіл ауылдық округінің Мәдениет елді мекеніне 1 277,28 гектар жайылым жер учаскесі, барлығы 2 036,69 гектар жайылым жер учаскесі ортақ мал жайылым ретінде елді мекендердің шегіне енгізілген. Бұл жұмыстар 2023 жылы жалғасын тауып, Жібек жолы ауылдық округі аумағынан 135,20 гектар жайылым жер учаскесі ортақ жайылымға тұрақты пайдалануға берілген.

Ауыл шаруашылығы жерлерін жалға беру бойынша 2022 жылы конкурс өткізіліп, 28 жер пайдаланушыға 149 гектар суармалы егістік жер учаскесі өтеулі уақытша пайдалануға жалға берілген. Дәл осы мазмұндағы конкурс биыл да өткізіліп, оның нәтижесімен 13,0 гектар суармалы егістік жер учаскесі жер пайдаланушыға жалға берілген.

Аудан әкімінің айтуынша, қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы жерлерінің конкурсына аудан аумағынан 14 жер учаскесі ұсынылып отыр. Бұл жер учаскелерінің жалпы алаңы 676,0 гектар жерді құрайды, оның ішінде 22,0 гектар суармалы егістік болса, 130,0 гектар суарылмайтын тәлімі егістік жерлер болып табылады және 524,0 гектар жайылым жер учаскесі болып отыр. Конкурсарды өткізу мерзімі 2026 жылға белгіленген.

Ауданда жер заңнамасының сақталуы, Жер кодексі талаптарының орындалуы туралы Сарыағаш ауданы прокурорының орынбасары Берік Садыховтың хабарламасы тыңдалып, анықталған заңбұзушылықтар бойынша прокурорлық қадағалау актілерін енгізу, заңсыздықтың алдын алуға арналған жұмыстар, құқықбұзушылықтың туындауына себеп болған жағдайларды жоюға бағытталған шаралар туралы ақпарат берілді.

— Прокуратура органдарының басты мақсаты — жер заңнамасының бұзылуына жол бермеу, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау және жер ресурстарын тиімді әрі мақсатты пайдалануды қамтамасыз ету. Бұл ретте аудан аумағында жер учаскелерін беру, пайдалану және иеліктен шығару кезінде заң талаптарының сақталуына талдау жасалып, тәуекелі жоғары салаларға ерекше назар аударылууда. Осы бағытта аудан прокуратурасы Жер кодексі талаптарының орындалуына тұрақты түрде қадағалау жүргізіп, жер мәселесіне қатысты заңсыздықтардың алдын алу бойынша кешенді профилактикалық жұмыстарды жүзеге асырып келеді, — деді Берік Бакытжанұлы.

Комиссия отырысы барысында «Саякент» шағынауданына қарасты жер телімдерінің мәселесі, облыстық Жер ресурстарын басқару департаменті тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар, Сарыағаш қаласының аумағында және Жібек жолы, Қаптанбек ауылдық округтерінде жер түгендеу жұмыстарына қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Комиссия мүшелері Жер кодексінің кейбір талаптарына өзгерістер енгізу мәселесін көтеріп, тиісті ұсыныс республикалық «Жер аманаты» комиссиясына жолданатын болды.

Комиссия отырысының қорытындысы бойынша, қабылданған шешім жобасын облыстық партия филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Полат Тұрсынбаев тыныстырып өтті. Осы құжатқа сәйкес, Сарыағаш аудандық жер комиссиясының құрамы қайта қаралатын болды. Түркістан облысы бойынша Жер ресурстарын басқару департаменті «Саякент» шағынауданы бойынша жеке тұрғын үй құрылысына табысталған жер телімдерінің шекаралық қорғау аймағының заң талаптарының сәйкестігіне тексеру жүргізілді деп шешілді. Комиссия шешімінің орындалуына партияның Түркістан облыстық филиалы бақылау жүргізетін болды.

АЙНА

23 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

Бүгінге дейін фонограмма музыкамен біте қайнасып келді. Музыка индустриясында ұзақ жылдан бері талқыланып келген бұл мәселе енді заң жүзінде шешімін тапты. Бұдан кейін концерттерде фонограмма қолдануға ресми түрде тыйым салынды. Жақында Президент қол қойған жаңа заң мәдениет саласына тың серпін беріп, сахнадағы шынайылықты басты құндылық ретінде алға шығарды. Осы маңызды өзгеріске эстраданың жарық жұлдыздары қалай қарайды? Жаңа талап өнер иелеріне қалай әсер етеді? Фонограммаға тыйым салу музыкадағы нағыз үздіктерді іріктеуге жол аша ма? Біз сауалдарымызды әншілерге қойып көрдік.

ӘНШІ ДЕНГЕЙІН АЙҚЫНДАЙТЫН БІР ҒАНА ӨЛШЕМ БАР

Мархаба СӘБИ:

— Фонограммаға қарсы заң өте дұрыс, керек заң деп ойлаймын. Бірақ ол заңның қадағалануына келгенде түрлі сұрақ туындайды. Өйткені кейбір концерттерде заңға қарамай фонограмманы кенінен қолданып жүрген әншілер де, ұйымдастырушылар да әлі көп. Әр концерттің жанды дауыста өтуін қадағалайтын арнайы мамандар болуы керек, әйтпесе жанды дауыс деп көрсетіп, фонограммамен алдау жалғаса беретін сияқты. Оның үстіне, ондай мамандар қойылғанымен, «бармак басты, көз қысты» дегендей «келісіммен» көз жұма салу деген дүниелер болуы да мүмкін. Фонограмма деген ұғымның да түр-түрі көп. Мысалы, дабл – ағылшынша double деген тәсіл бар. Дауыс студияда алдын ала жазылады, ал әнші ән айту барысында сол жазылған дауыстың үстіне қосылып орындайды. Енді оны фонограммаға жатқызу керек пе, жоқ па, сол жағы түсініксіз. Әсіресе, жастар жағы даблды көп қолданады. Тағы бір кең тараған тәсіл бар. Ол — әннің көп бөлігінде, әсіресе қиын жерлерінде фонограмма қолданады, ал онай кейбір жерін ғана жанды дауыста орындайды. Оны халық жанды дауыс деп ойлайды. Меніңше, ол алдаудың басқа бір деңгейі. Айта берсе, осындай әдіс-айла көп. Үнемі жанды дауыста орындайтын әнші ретінде айтарым, әншілерге ерінбей еңбектеніп, кәсіби деңгейде жанды дауыста орындап үйрену керек. «Аппаратура нашар, акустика нашар», «тамағым ауырып тұр» деген сылтауларды қоятын уақыт келді. Жанды дауыста орындау онай емес, бірақ өнер



шынайы болу үшін, сахнада шынайы ән айта алатындар жүруі үшін фонограмманы токтату керек деп есептеймін. Әннің де, әншінің де стилі, бағыты болатыны сияқты, жанрдың да түр-түрі көп. Сан алуан болғанынан ешқандай зиян жоқ, шығармашылықта шектеу болмауы керек деп есептеймін. Тек қазір белең алып тұрғандай, ұрлап жырланған әндер болмаса болды. Ең бастысы, жанды дауыс қадағалануы керек. Ән жанды дауыста орындалған кезде шынайы деңгейің білінеді. Халық сол кезде ғана әншінің деңгейін көріп, кімді тыңдайтынын немесе тыңдамайтынын өзі шешеді. Сонда ғана табиғи, әділ сұрыптау болатын сияқты.

САХНА ТАЛАБЫНА ТЕХНИКА КЕДЕРГІ

Әлімжан КЕҢЕС:

— Әрине, бұл бастама құптарлық. Алайда Мәдениет министрлігінің өзі бұл заңды барлық жерде бірдей қолдану мүмкін емесін айтып отыр. Бүгінде әншілер концерт қоятын



аландардың, әсіресе ауыл-аймақтар мен қалалардағы мәдениет үйлерінің техникалық мүмкіндігі біркелкі емес. Көп жағдайда аппараттар заманауи талапқа сай келмейді, түпнұсқа дыбыс жүйелері орнатылмаған. Өңірлерді аралап концерт беретін өнерпаздар мұны жиі сезінеді: өз аппаратурамызды алып барған күннің өзінде, минусовкамен ән айтуға талпынсақта, микрофон мен дыбыс құрылғыларының үйлеспеуінен дауыс толық шықпай жатады.

Негізінен, фонограммасыз, жанды дауыста ән айту — қолдауға тұрарлық бағыт. Бұл елдегі музыка мәдениетінің өскенін көрсетеді, сахнаға шынымен дайын, кәсіби әншілердің іріктелуіне жол ашады. Өнерпаз өзін дамытады, вокалмен айналысады, даусын шындайды. Бұрынғыдай немқұрайдылыққа жол берілмей, талап күшейеді. Осы тұрғыдан алғанда, бұл — жаксы үрдіс. Бірақ мұның бәрі мемлекет тарапынан техникалық базамен

Эстрада әншісі үшін дауыс, сахна мәдениеті мен ішкі шынайылық бір-бірімен үйлесуі шарт. Ең бастысы — жүректегі адалдық. Шынайылық болған жерде ән де әсерлі шығады, тыңдарманмен байланыс орнайды, халыққа деген сүйіспеншілік сезіледі. Өз репертуарына жанашырлықпен қараған сәтте ғана еңбектің де өтеуі болады. Сонда өнер адамы өз маңдай терінің шынайы жемісін көре алады.

ӘН ФОНОГРАММАСЫЗ ДА ӨМІР СҮРЕДІ

Абай БЕГЕЙ:

— Мен бұл заңды дұрыс деп санаймын. Өйткені фонограммамен ән айтуды көрерменнің үмітін ақтамау деп санаймын. Халық билет алып, жанды дауысты тыңдау үшін келеді. Бұл өзгеріс ең алдымен жауапкершілікті күшейтеді. Әнші сахнаға шығамын десе, вокалын дамытады, жанды дауыста айтуға дайындалады. Концерт мәдениеті өседі, көрерменнің сенімі артады. Сондықтан мен бұл заңды өнерге жасалған қысым емес, керісінше, нағыз өнерді қолдау деп қабылдаймын. Әнші болу — әдемі бейнебаян түсіріп, сахнада



Негізінен, фонограммасыз, жанды дауыста ән айту — қолдауға тұрарлық бағыт. Бұл елдегі музыка мәдениетінің өскенін көрсетеді, сахнаға шынымен дайын, кәсіби әншілердің іріктелуіне жол ашады. Өнерпаз өзін дамытады, вокалмен айналысады, даусын шындайды. Бұрынғыдай немқұрайдылыққа жол берілмей, талап күшейеді.

ән айту емес, ең алдымен кәсіби деңгей мен жанды дауыс. Сонымен қатар бұл өзгеріс көрермен талғамын да өсіреді. Халық шынайы орындауды естіп үйренсе, сапасыз дүниеге сұраныс азаяды. Сондықтан бұл заң эстрадаға шектеу емес, керісінше, оның дамуына серпін береді деп ойлаймын. Жалпы, ән шынайы болса, оны фонограммасыз, жанды дауыспен айтсаң, тыңдарманның жүрегіне жетеді. Өйткені көрермен ең алдымен эмоцияны, сезімді іздейді. Жанды дауыс арқылы әннің жаны ашылады, орындаушы мен тыңдарман арасында байланыс орнайды. Сондықтан шынайы өнерге фонограмма кедергі емес. Керісінше, жанды дауыста айтылған ән ғана халықтың есінде қалады.

«ЖЕКПЕ-ЖЕКТИҢ» ЖЕҢІМПАЗЫ АНЫҚТАЛДЫ

«Жекпе-жек айтыс» мәресіне жетті. Жыр додасына қатысқан 16 ақынның ішінен суырылып шығып, үш айналымда да сүрінбеген үздіктер шешуші кезеңде жолықты. Нәтижесінде, бас жүлдені Айбек Қалиев ұтты. Финалист Еркебұлан Қайназарға 1-орын бұйырды.



Айтыс — нағыз сөз майданы. Төрт ай бойы көрерменнің ыстық ықыласына бөленген «Жекпе-жек айтыс» бағдарламасы өз үздігін анықтады. Тартысқа толы бәйгеде таңдаулы 16 ақын бақ сынады. Бекарыс Шойбеков, Жансая Мусина, Мұхтар Ниязов, Айбек Қалиев сынды тіс қакқан ақындар айтыстың деңгейін биіктете түсті. Долада оза шапқан қос ақын финалдың көркін қыздырды. Енді, міне көптен күткен сәт жеткенде торғайлық айтыскер суырылып шығып, бас жүлде — темір тұлпарды тақымына басты. Еркебұлан Қайназар 5 млн теңгені қанжығаға байлады.

— Осындай қуанышқа бөленіп жатырмыз. Биылғы жыл мен үшін өте сәтті жыл болды. Айтыс өнеріндегі шығармашылығымдағы соңғы жылым. Абыройдың биігімен айтыспен қоштасып жатырмын. Осы «Жекпе-жек айтыста» төл өнерімізді насихаттап ұйымдастырып жатқан жыршы-термешілер мен айтыскерлер халықаралық одағы, Жүрсін ағамыз бастаған, Аманжол ағамыз қостаған одаққа және осы «Жекпе-жек айтысқа» алаң беріп отырған «Хабар» арнасына, қазақ халқына көп-көп рақмет айтқым келеді, — деді «Жекпе-жек айтыс» жобасының жеңімпазы Айбек Қалиев.

Бұл — «Хабар» арнасы мен айтыс ақындары мен жыршы-термешілер одағы арасындағы әріптестіктің кезекті жемісті жобаларының бірі. «Жекпе-жек айтыс» 2004 жылдан бері айтыссүйер қауымды қуантып келеді. Биыл тележоба заманға сай жаңғыртылған нұсқада жарыққа шығып отыр.

Сүре айтыс, қайым айтыс шеберлері ой тұңғиығынан шыққан сөз маржандарынан кесте тікті. «Тыңдаған құлақтың құрышын қандырап келісті ұйқастар осы уақытқа дейін талай көрерменің көңілінен шықты», — дейді ұйымдастырушылар. Қазылар алқасы ұтқырлық пен ақындар тілге тиек еткен әлеуметтік жүктің салмағын да ескеріп, әділ бағасын берді.

АЙМАУЫТОВ ТЕАТРЫ ТОП ЖАРДЫ

Қазақстан театр сыншыларының бірлестігі 2025 жылғы отандық театрлар шығармашылық үдерістерінің бағыт-бағдарын, репертуарлық саясатын және көркемдік ізденістерін анықтау мақсатында жүргізілген мониторинг нәтижесін ұсынды.

Сыншылар жұлдесінде Павлодар облыстық Ж.Аймауытов атындағы қазақ музыка-драма театры екі бірдей номинацияда жеңімпаз атанды. Атап айтқанда, «Жыл актерлік ансамблі» номинациясын «Пері қатын» драмалық абсурдымен жеңіп алды. Сондай-ақ «Бұқаралық ақпарат құралдарымен үздік жұмыс жасаған театр» номинациясында екінші жыл қатарынан үздік шықты.

— «Сыншылар жұлдесі» — шығармашылық ұжымдар мен жекелеген өнер иелерінің еңбегін әділ бағалап, театр қауымдастығы үшін кәсіби бағдар мен рухани ынталандырудың айрықша белгісі. Қазақстан театрларының бүгінгі шығармашылығы мен тыныс-тіршілігіндегі заманауи үрдістер мен үдерістерді дер кезінде айқындап, оларға баға беру мақсатында дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Бұл кеште тек үздіктер анықталып қана қоймай, отандық театр ұжымдарының жыл қорытындысы ұсынылды. Театр сыншылары жүргізетін мониторинг республикамыздың түкпір-түкпірінде сахналанған премьераларды қамтиды, — деп атап өтті Қазақстан театр сыншылары бірлестігінен.



Бетгі дайындаған С.БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗҰАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4683
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,